



# 5 ЖЫЛ БІРГЕМІЗ:

ӘР КҮНІМІЗ – БІР ЖЕҢІС

04

**ЖҰЛДЫЗ СМАҒҰЛОВА**  
Кіріспе сөз

05

**ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР**  
Кітап сөзі

06

**АИДА АЙДАРҚҰЛОВА**  
Кіріспе сөз

07

**НҰРБОЛАТ МАСАНОВ**  
Кітап сөзі

08

**НОТА ВЕНЕ**  
Құбылмалы қоғам

12

**МҰРАТ ӘУЕЗ**  
Біздің заманның батырлары

16

**МАЛИКА ТОҚМӘДИ**  
Стереотип сыртындағы өмір

18

**ЕВГЕНИЙ ЖОВТИС**  
Тиімді жүйе

22

**ӨЗЕКТІ**  
Жаңа шындық: COVID-19

24

**НАДЕЖДА КОЗАЧЕНКО**  
Маңызды ұстаным

25

**НАРГИС ҚАСЕНОВА**  
Пікірлестер дәуірі



26

**ВИТАЛИЙ КУЛИК**  
Болашаққа бағдар

28

**БАХЫТ ТҮМЕНОВА**  
Джордж Соросқа хат

29

**ҚАСЫМХАН ҚАППАРОВ**  
«Мама-Про», экономика және құндылықтар

30

**ГИД Сорос-Қазақстан қорында шешімді**  
кім қабылдайды?

34

**ПІКІР** Сорос-Қазақстан қоры туралы  
жаңа дәуір мифтері

36

**ШОЛПАН ӘЙТЕНОВА**  
Трансформация процесі

38

**ӘДІЛ ДЖАЛИЛОВ**  
Бәрі енді басталады




**40** **ВАЛЕРИЯ ИБРАЕВА**  
«Шеңбер шегіндегі» өнер

**42** **ГҮЛНАРА ӘБІКЕЕВА**  
Жаңа қоғамның қозғаушы күші

**43** **ТАМАРА КАЛЕЕВА**  
Кез келген адамның құқығы бар

**44** **ӘСИЯ АКИШЕВА**  
Журналист мамандықты зерттейді

**46** **АНТОН АРТЕМЬЕВ**  
Орынды оптимизм



**48** **ВЕНИАМИН АЛАЕВ** Бізге қатысты шешім сырттамыздан қабылданады

**50** **РОЗА ӘБІЛОВА**  
Жетістіктің теориясы мен практикасы

**52** **ИРИНА СМЕРНОВА**  
Ашық ұстаным

**54** **БЕРІК ӘБДІҒАЛИҰЛЫ**  
Бұл – біздің құқығымыз

**55** **ЖІБЕК АХМЕТОВА**  
Интеллектуал инъекция



**56** **СӘУЛЕ КАЛИКОВА**  
Дәуір және білім

**60** **ӘЛИЯ РҮСТЕМБЕКОВА**  
Алысқа сермеу

**61** **ӘСЕЛ ЕСЖАНОВА**  
Жайлы қаланың бөлшектері

**62** **ДОСЫМ СӘТБАЕВ**  
Бар назар – миллиалдарда

**64** **АЙГЕРІМ КУДЕРИНОВА**  
Өзара түсіністік режимі

**66** **ФАКТИЛЕР МЕН ЦИФРЛАР**  
Сорос-Қазақстан қоры





### **ЖҰЛДЫЗ СМАҒҰЛОВА,**

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ҚАМҚОРШЫЛАР  
КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ, ҚМЭБИ (КИМЭП)  
УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ

### **Құрметті әріптестер және оқырмандар!**

Мен Қордың барлық қызметкері мен Қамқоршылар кеңесінің мүшелеріне, серіктестеріне, грант алушылар мен түрлі бағдарлама түлектеріне елдегі ашық азаматтық қоғамның дамуына үлес қосқаны үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін.

25 жылда қор көптеген жоба мен бастаманы қолдады. Бұл мақтануға тұратын нәрсе. Өздеріңіз білетіндей, Қор білім беру, ашықтық пен есептілік, демократия, азаматтық қоғамды дамыту саласындағы жобаларға гранттар бөледі. Қор мемлекеттік сектормен, яғни үкіметпен де, серіктес үкіметтік емес ұйымдармен де, жекелеген белсенділермен де тығыз байланыста. Осы жобалардың көбі жария дискурсымызды қалыптастырды және жағдайды өзгерте алмаса да, қоғам мен мемлекеттің назарын әлеуметтік проблемаларға, мысалы, халықтың әлсіз топтарының құқығының бұзылуына немесе мемлекеттік сатып алулардың ашықтығына аударта алды.

Елдегі алғашқы паллиатив көмек беру жобасын біздің Қор қолдады. Қор ЖИТС (СПИД) және қатерлі ісік ауруымен ауыратын адамдарға көмек беретін серіктестерді қолдайды. Маған балаларының мүгедектігі бар аналардың қаржылық сауаттылығы мен іскерлік дағдысын дамыту жобасы қатты әсер етті. «Действие буквально» инклюзив

театр зертханасы қандай керемет жоба! Factcheck.kz жобасын да атап өткім келеді. Оқырманға шындықты – жалғаннан, фактіні – қастандық теориясынан, ақиқатты жартылай шындықтан және өтіріктен ажырату қиындай түскен уақытта мұндай жоба ауадай қажет.

Зерттеуші ретінде жас зерттеушілерге арналған оқу бағдарламасын маңызды деп есептеймін. Бұл бағдарламаға қатысқандардың көбі бүгінде нағыз кәсіби маманға айналып, түрлі тақырып бойынша сарапшы маман болып жүр. Мұғалімдердің лауазымдық емес көшбасшылығы тұжырымдамасын (Non-positional Teacher Leadership) алға тартатын білім беру бастамасының қатысушылары өзгеруден қорықпайтын және өздері үшін де, оқушылар үшін де білім беру ортасын жақсартуға қабілетті жергілікті көшбасшы бола алатынына сенгім келеді.

Бұлар – Қор қолдау білдірген жобалар мен бастамалардың бір парасы ғана. Елде тәуелсіз қайырымдылық ұйымдары көп болса, азаматтық қоғам белсенді болып, бұдан да көп нәрсе жасауға болар еді. Сорос-Қазақстан қорымен жұмыс істеген аз ғана уақытта бұл Қордың еліміздегі азғантай тәуелсіз қайырымдылық ұйымының бірі екенін түсіндім. Өкінішке қарай, көптеген үкіметтік емес ұйым (ҰЕҰ) мен қор қаржылық тұрақсыздық салдарынан бюджетті әртараптандыруға мәжбүр. Ал ҰЕҰ мен оларды қаржыландыратын тәуелсіз қорлар болмаса, ашық демократиялық қоғамды дамыту мүмкін емес.

Былтыр Берлиндегі ұлттық қорлардың жыл сайынғы жиналысында біздің алдымызда Германия бундестагының вице-президенті Клаудиа Рот (Claudia Roth) ханым құттықтау сөз сөйледі. Клаудия ханымның мына сөзіне қайран қалдым: «Будапештегі кеңсе жабылғаннан кейін Берлин Open Society Foundation үшін құшағын ашқанына қуаныштымыз. Мықты азаматтық қоғамсыз шешілмейтін көптеген мәселені шешу үшін біз де көмекке мұқтажбыз. Ал сіздердің сын-ескертпелеріңіз одан да маңызды». Осындай ойды біздің мемлекетімізден де естігім келеді.

25 жылдықты елде және әлемде болып жатқан елеулі әрі күрт өзгерістер дәуірінде атап өткелі отырмыз. Бірақ біз шешілмейтін мәселе болмайтынына кәміл сенеміз. Бәріміз бірге елімізді және әлемді сәл де болсын жақсарта аламыз деп үміттенеміз. Олай болмаса, мен де, әріптестерім де Қорда жұмыс істемес едік.

Бәріңізге сәттілік тілеймін!



## КІТАП СӨЗІ



# ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР (1934–2015)

ЖАЗУШЫ, СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ БҰРЫНҒЫ ТӨРАҒАСЫ

*Халықтың рухани дамуын қаласақ, шындықты білу керек*

*Тұрақтылық – бүкіл дерттің дауасы емес. Өмір бар жерде тоқырауға орын жоқ. Заман өзгереді. Заманға сай бәрі өзгереді. Оған дайын болу керек. Бұл өзін мықты әрі дана санайтын билікке де қатысты. Кез келген әміршінің билігі уақытша. Ел билеуші адам мәңгілік ештеңе жоқ екенін түсінуі керек*

*Ішкі дүниеңде құлсың ба, әлде азат адамсың ба? Өз-өзіңді тану осыған байланысты. Ал нағыз еркін адам ешқашан басқаларды кемсітпейді, ешкімге қысым жасамайды, ешкімді құл қылмайды*

*Қазақстан демократиясының «ерекше жолы» алаңдатады. Мұның бәрі – өтірік. Өз-өзімізді алдау. Қисынсыздық. «Ерекше жол» іздеген жерде тұйыққа тірелдік деп есептей бер*



**АИДА АЙДАРҚҰЛОВА, СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ**

### **Қымбатты достар, әріптестер, оқырмандар!**

Қолыңызда Сорос-Қазақстан қорының 25 жылдық тарихы тұр. Бұл жерде әр кезеңде Қордың табысқа жетуіне үлес қосқан тұлғалар, фактілер, маңызды ақпараттар мен адамдардың пікірі жинақталған.

Мерейтой деген – өткенге көз тастап, жетістіктерге шолу жасап, болашақты болжау үшін тамаша мүмкіндік. Мерейтойлық басылымда бұған дейін жүзеге асқан әр жоба мен бастама туралы айту мүмкін емес екені анық. Дегенмен «Сорос-Қазақстан қоры дегеніміз не?» деген басты сұраққа жауап бере алатын материалдарды топтастыруға тырыстық.

Ширек ғасырда еліміз едәуір өзгерді. Елмен бірге Қор да, оның негізгі жұмыс бағдарлары да өзгеріп отырды. Осы ретте, 25 жыл ішінде елімізде жүзеге асқан, әлі де жалғасын тауып жатқан жұмыстарға назар аударуға шақырамыз. Мысал ретінде «Ювеналдық әділет», «Паллиатив көмек», «Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы», Urban Forum Kazakhstan және басқа да көптеген жобаны айтуға болады. Қоғамдық саясат, бюджеттің ашықтығы, журналистика және адам құқықтары саласындағы стипендиялық жобалардың арқасында әр салада жұмыс істеп, елдің дамуына үлес қосып жүрген сарапшылар мен аналитиктердің жаңа шоғыры қалыптасып келеді. Біз әу бастан адам құқықтарына

басымдық бердік, оны түрлі бағдарлама мен бастама арқылы насихаттадық. Қор инклюзив білім беру саласындағы жобаларды алғашқылардың бірі болып қолға алып, инклюзивтілік принципінің маңызын тұтас қоғам болып түсіне бастауына қол жеткізді. Бұған мақтануға болады. Денсаулығында менталдық бұзылысы бар адамдардың қоғаммен етене араласуына да біздің Қор жағдай жасап келеді.

Мерейтойымыз ерекше уақытқа тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – тарихта арақашықтық сақтау және оқшаулану кезеңі ретінде мәңгі қалатын кезең. Осы уақытта қор жұмысын бір сәтке де тоқтатқан жоқ, қашықтан жұмыс істеді. Біз жаңа жағдайға бейімделе отырып, көбіне назардан тыс қалып қоятын, қамқорлық пен қорғауды өзгерлерден артық қажет ететін халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобын қолдауға мүмкіндік тапқанымызға қуаныштымыз. Осы мақсатта біздің Қамқоршылар кеңесі Қазақстандағы пандемия салдарын азайтуға бағытталған байқау аясында өтінім қабылдайтынын жариялады. Мұнда да Қор қиын жағдайда жедел қимылдап, икемділігін көрсетті.

Тәуелсіз ұйым бола тұра, Қордың 25 жылда мойнына зор жауапкершілік алып, кейде тіпті бұған дейін ешкім қолға алып көрмеген жобалармен айналысып, тәуекелге бел буатынын байқау қиын емес. Біз әрдайым «Байқап көрейік!» дейтінбіз, ал ол ісіміз оң нәтиже бергенде, басқа донорлар, бизнес қауымдастық мүшелері бастамамызды іліп әкететінін байқайтынбыз. Сорос-Қазақстан қорының өзегі де осы – біз еліміздегі әр адамның өмірін жақсартуға ұмтыламыз.

Ұйымдағы ғажайып адамдар, соның ішінде Қордың бұрынғы және қазіргі қызметкерлері, Қамқоршылар кеңесі мен Сарапшылар комитетінің мүшелері, азаматтық қоғамдағы серіктестер, елдегі және шет елдердегі түрлі саланың сарапшылары, «Ашық қоғам» желісіндегі әріптестеріміз болмаса, мұның бірі де жүзеге аспас еді. Олардың баршасына қажырлы еңбегі мен ашық қоғам құндылықтарына адалдығы үшін, әрқайсымен жұмыс істей алғанымыз үшін ерекше алғыс білдіреміз.

25 жылдық белесті артқа тастап, келер жылы жұмысымыздың жаңа стратегиялық кезеңін бастаймыз. Алайда біз әдеттегідей өзімізге берікпіз – жобалар өзгергенмен, миссиямыз өзгермейді.

## КІТАП СӨЗІ



# НҰРБОЛАТ МАСАНОВ (1954–2006)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ПУБЛИЦИСТ, 1995 ЖЫЛДАН 1999 ЖЫЛҒА ДЕЙІН СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

*Қандай да бір мәселені шешкіміз келсе, ең бастысы, бірден диагноз қоюымыз керек. Бұл – интеллектуалдардың, интеллигенцияның міндеті*

*Егер екінші буынның дәстүрін жоғалтып алсақ, олар оны қалыптасып келе жатқан үшінші буынға бере алмайды да, үшінші буын қайтадан бірінші болады. Ғылымның даму желісі үзіледі де, бәрін басынан бастауға тура келеді. Сондықтан жаңа қалыптасып жатқан буынға екінші буынның дәстүрін табыстау, оның сабақтастығын жеткізу өте маңызды. Бұл – мәдениет пен ғылымның ғана емес, халқымыздың да өркениетті дамуының кепілі*

*Экономика бәрімізді алға сүйрейтін мотор, локомотив сияқты. Бірақ қазір жағдай өзгерді. Бұрын бәрі мемлекеттің саясатына тәуелді болып, басымдықты, қарқынды, қозғалыс бағытын мемлекет анықтаған болса, қазір олай емес. Әр адам өмірлік мақсатын жеке өзі анықтайды*

*Әркімнің өз батыры болуы заңдылық, бірақ бірегей, әмбебап қаһармандар болмауы керек. Ондайлардың артында мемлекет тұрғаны, олардың жасанды образ екені бірден білінеді*



# ҚҰБЫЛМАЛЫ ҚОҒАМ

БҰРЫНҒЫДАН ДА ЖАҚСЫ БОЛУЫ ҮШІН ҚОҒАМ ЫЛҒИ ӨЗГЕРІП, ДАМЫП, ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ЗЕРТТЕП, ИГЕРУІ КЕРЕК, БҰРЫНҒЫ ТӘСІЛДЕРДІ ҚАЙТА ҚАРАП, ЖАҢАСЫН ІЗДЕУІ ҚАЖЕТ. КҮШ-ҚУАТЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ РУХЫ БАР АДАМДАРҒА ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КӨРУГЕ, СОЛ АРҚЫЛЫ ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУҒА МҮМКІНДІК БЕРУ КЕРЕК



Шамамен әр 25 жылда жаңа буын дүниеге келеді. Жас буын ата-анасынан басқаша ойлайды. Елімізде ширек ғасыр бойы жұмыс істеп келе жатқан Сорос-Қазақстан қорының командасы осы жаңа буынның бой көрсеткеніне куә болды.

Қор бір буынмен шектелген жоқ; өзінің жұмысы арқылы Қазақстандағы бірнеше буынның ойлау және әрекет ету тәсілін өзгертті. Қордың арқасында біреулер өзгерістің акторы және бенефициары болса, енді біреулер оны жүзеге асырушы болды. Бұл адамдар қоғамның дамуына қызмет етіп, оның жақсаруына үлес қосқанын мақтан тұтуына болады.

Қазақстанда жұмыс істей жүріп Сорос-Қазақстан қорының өзі де бірнеше рет трансформация нысанына айналды: Қордың басшылары мен қатардағы қызметкерлері өзгерді, стратегия мен бағдарлама жаңарды, бұрынғы серіктестердің

ізінше басқалары келіп жатты, бюджет бір қысқарып, бір көбейіп отырды. Өзгермеген (және өзгермейтін) жалғыз нәрсе – адам құқығы, өйткені бүкіл қоғамдық қарым-қатынас соның шеңберінде болуы керек.



Қор қолдауымен суретшілер Қазақстандағы адам құқықтарына қатысты мүшкіл жағдайды бейнелейтін карикатуралар салды, университеттер азаматтар тегін құқықтық көмек ала алатын студенттер клиникасын құрды, зерттеушілер алғаш рет әйелдер, ЛГБТ өкілдері және АИВ/ЖИТС-пен ауыратындардың құқығы сақталуына қатысты мониторинг жүргізуді қолға алды. Сорос-Қазақстан қорының қолдауынсыз еліміз аз уақыттың ішінде ювеналдық әділетті құрып, оның тиімді жүйесін ретке келтіре алмас еді. Бұл жұмыс судьяларды шетелге білім алуға жіберуден бастап, ұсталған кәмелет жасқа толмағандарды полиция бөлімшелеріндегі бөлмелерге орналасыру сияқты жұмысты қамтыды.

### ЖАҢА БУЫННЫҢ ТАҢДАУЫ

Қазақстанда алғаш жұмыс істеген күннен бастап, тәуелсіз құқық қорғау ұйымдары Қордың стратегиялық серіктесі болды. 90-жылдардың соңынан бастап Қор осындай ұйымдардың адам құқықтары туралы балама есеп дайындауына және оның халықаралық нормаларға сәйкестігін анықтау мақсатында ішкі заңнаманы сараптауына демеушілік жасады. 20 жылдан кейін БҰҰ кеңесінде адам құқықтары туралы балама есепті «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» атты бірегей стипендия бағдарламасының түлектері ұсынды.

Сорос-Қазақстан қоры жастарды әрдайым оң өзгерістердің қайнар көзі ретінде қарастырды және қызметін бастаған сәттен жастардың бастамасын қолдау мүмкіндігін қалт жіберген жоқ. Оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша теңдесі жоқ оқулықтар шығаруға арналған конкурс та, болашақ заңгерлер өзара жарысқан «сот процесін үйрену» кубогы да бар.

Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін жастарға жаңа әлемнің есігін ашу аса маңызды болды. Қор осы міндетті жүзеге асыруды қолға алды. Жастар Қор кітапханасындағы Rolling Stone журналын парақтап, ағылшын тіліндегі фильмдерді көріп қана қоймай, шетелде оқу мүмкіндіктері туралы ақпарат алды. Бұл мүмкіндікті жүздеген студент пайдаланды, мыңдаған адам Қазақстандағы Қор жобаларының білім беру бағдарламасына жүгінді.

Қордың Қазақстан мектептеріндегі білім беру ісіне қосқан үлесі өлшеусіз: қазір педагогикалық жоғары оқу орындарында инклюзив білім беру негіздері үйретіледі, ал орта мектептер үшін



СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ КОМАНДАСЫ КӨП ЖЫЛ БОЙЫ УНИВЕРСИТЕТ-ТІҢ ОҚУ ЖОСПАРЫ МЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ, ЖАС ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ, ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАРДЫ АУДАРУ ЖӘНЕ ЖАЗУ БАҒЫТЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕДІ



«Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» коалициясына қатысушылар. Женева, 2019 жыл

МЕКТЕП ПЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАНЫҢ ҚОРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ДЕБАТ МӘДЕНИЕТІН ЖӘНЕ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУҒА, АЗАМАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША ОҚУЛЫҚТАРДЫ БАСЫП ШЫҒАРУҒА ЖӘНЕ ТАРАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ



ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРІН ҚОЛДАЙ ЖҮРІП, СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ЕШҚАШАН АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ІЛГЕРІЛЕТУ ЖОЛЫНАН ТАЙҒАН ЕМЕС. 2011 ЖЫЛЫ СЕРІКТЕСТЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН МҮГЕДЕКТИГІ БАР ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ТЕГІН КИНОСЕАНС ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ МҮНДАЙ ЖАНДАРҒА ҚАЛА ӨМІРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ АУҚЫМДЫ ПІКІРТАЛАСТЫ БАСТАДЫ

ұлттық стандарт әзірленіп, енгізілді. Сорос-Қазақстан қорымен бірге мектептерге интернетке қосылған компьютерлер барды және жергілікті қоғамдастық орталығы ретінде мектептің өзіндік мәні туралы түсінік пайда болды. Қор қызметкерлері бұрын жабық есік ішінде ғана айтылатын тақырыптарды ашық талқылауға жағдай жасауға батыл кірісті. Соның арқасында көптеген өзгеріс жүзеге асты.

### МЕДИА КЕҢІСТІГІНЕ ШЫҒУ

Осындай ауыр жолда Қор негізі қаланған уақыттан бастап барынша қолдау көрсеткен тәуелсіз БАҚ басты көмекші болды. Қор қазақ газеттерінің журналистеріне арналған семинарлар өткізіп, жас тілшілердің фестивальдарға қатысуына қолдау білдірді, БАҚ-қа арналған ақпарат орталығы мен тәуелсіз продюсерлік орталық құрды. Газеттердің қосымша тиражына және салық төлемдеріне грант бөлді, сайлау туралы ақпарат таратудың ерекше тәсілдерін қолдады, медианың институционал тұрақтылығына қаражат бөлді. Осындай сан қырлы жобалар қазақстандық журналистердің кәсіби шеберлігіне ықпал етті және Қордың назарын медиасауат пен цифрлық қауіпсіздікке аударды.

Сорос-Қазақстан қоры ақпарат құралдарының кәсіби деңгейін жетілдірумен шектелген жоқ. Қор қызметкерлері отандық үшінші сектордың әлеуетін арттыруға да көп күш-жігерін жұмсады. Қор қызметкерлерінің арқасында қазақстандық үкіметтік емес ұйымдар ресурс тарту үшін өтініш толтыруды, «мобайл консультанттармен» жұмыс істеуді үйренді. Бірнеше жыл бойы Республикалық мектепте бас қосып, шағын қалалар мен ауылдардағы азаматтық қозғалыс белсенділігіне қатысты ауқымды жобалар аясында дағдыларын жетілдірді. Тәлімгерлер қоғам белсенділерін бюджет процесіне араласуға бағыттады. Бірнеше жылда жергілікті деңгейде әлеуметтік аудит пен өзін-өзі басқарудың таңғаларлық үлгісі пайда болды.

### ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Қордың бұл бағыттағы жұмысын республика деңгейінде бюджет ашықтығы саласындағы ондаған жас сарапшы – Open Budget Fellowship түлектері қолдап келеді. Сорос-Қазақстан қорының жол көрсетуімен жергілікті бюджеттің ашықтығы және өндіруші компаниялардың әлеуметтік инвестициялары мониторингі, мемлекеттік органдардың азаматтық бюджетті





жасауы да қалыпты жағдайға айналды. Ал Қордың қоғамның экономикалық өміріне араласуы мемлекеттен көмек алуды үйретумен шектелмейді: 90-жылдардың ортасында осы Сорос-Қазақстан қорының арқасында қазақстандық шағын кәсіп иелері шағын несие алу мен бизнес-инкубатордың бар екенін білді және жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдаланды. Бүгінде Қор серіктестерімен бірге елдегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындардың экономикалық құқығын қорғайды.

Қор сарапшыларының көмегімен аяққа тұрған шағын бизнес қана емес. Сорос-Қазақстан қорының көп жылдық жұмысында бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін іздеу жолдарын мұрағат қызметкерлері мен кітапханашылар да білді. Қордың сапарлауға арналған гранттарымен шығармашылық кәсіп иелері нешеме рет шетелге шығып, джаз фестивальдарында, қуыршақ театрларында, заманауи би және жонглер шеберлігі кезінде республика туралы айтып берді.

Сорос-Қазақстан қорының ықпалымен қалалық орта тез арада белсенділер мен энтузиастардың күш біріктірген мекеніне айналды. Абаттандыру жобаларына пікір білдіре алатын орта қалыптасты. Олар балалар алаңын жасау үшін ғана емес, ауаның тазаруы мен архитектуралық мұраны сақтау үшін күресе алады. Қор қазақстандықтар үшін донор ғана емес, қала белсенділігінің қыр-сырын үйрететін білім ресурсы да болды. Жас зерттеушілермен бірлесіп, оларға жария саясат әлеміне жол ашатын ресурс рөлін де атқарады.

### САУ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС БЕЛГІСІ

Сорос-Қазақстан қорының тарихындағы маңызды кезеңнің бірі – қоғамдық денсаулық сақтауды



2000 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДА ҚОРДЫҢ БАСТАМАСЫМЕН  
ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШҚЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛДАУ  
ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ



дамыту бағдарламасы болды. Осы бағытта жұмыс істеген жылдар ішінде Қор командасы Паллиатив көмектің ұлттық стандартын қабылдауға, денсаулығында менталдық бұзылысы бар адамдарды қабылдау парадигмасын өзгертуге әсер ете алды және дәрі-дәрмектерді сатып алу процесіне қоғамдық бақылаудың қажеттігін дәлелдей білді.

Серіктестермен бірге көп жыл бойы осы бір қиын жолда келе жатқан Қор кедергілерге де кез болды. Олар кейде кері шегінуге де мәжбүрледі. Бірақ көбінесе ашық қоғам құндылықтарын ілгерілетудің жаңа құралдарын іздеуге ынталандырды. Әрқилы болғанына қарамастан, олардың ешбірі адамның еркі болмаса өзгеріске әкелмейтін еді. Сорос-Қазақстан қоры көптен күткен өзгеріске алғашқы қадам жасауға көмектесіп, ерік-жігері бар жандардың мүддесін көздеді.



# БІЗДІҢ ЗАМАННЫҢ БАТЫРЛАРЫ

**МҰРАТ ӘУЕЗ**, МӘДЕНИЕТТАНУШЫ, СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ  
1999-2003 ЖЫЛДАРДАҒЫ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ

Сорос-Қазақстан қорының жұмысы мен келгеннен 2-3 жыл бұрын басталды. Ал кейінгі 15-17 жылда мен қордың жұмысын сырттай бақылаушы ғанамын.

Сорос-Қазақстан қорында әр жылдары мен аса құрметтейтін Герольд Бельгер, Нұрболат Масанов, Евгений Жовтис жұмыс істеді. Сондықтан маған қордың атқарушы директоры болуға ұсыныс түскенде, пайдам тиетін болса, ортақ азаматтық іске дайын екенімді білдірдім.

Өзбекстанда Әлішер есімді керемет адам тұрады. Екеуіміз Сорос-Қазақстан қорында жұмыс істеп жүргенімде таныстық. Кейін мен Қордан кеттім. Бірақ осы уақыт ішінде Әлішермен байланысымыз үзілген жоқ, ортақ жұмыстар бойынша әлі де кездесіп тұрамыз. Мұны «Соростың мектебі» деуге болады. Бұл мектептің түлектері бір-бірімізге өте жақын болып кеттік. Бір-бірімізді қолдауға әрқашан дайынбыз.

ДЖОРДЖ СОРОС – ӨТЕ ЕРЕКШЕ ТҰЛҒА. МАҒАН О БАСТАН ОНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ ҰНАЙТЫН. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ҮЛЕС ҚОСҚАН АДАМ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. КАРЛ ПОППЕРДІҢ «АШЫҚ ҚОҒАМ» КІТАБЫНА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, «АШЫҚ ҚОҒАМ» ТҮСІНІГІН ӨМІРІМІЗГЕ ЕНГІЗДІ







ГРУЗИЯ БОЛСЫН, БАЛТЫҚ ЖАҒАЛАУЫ ЕЛДЕРІ НЕМЕСЕ УКРАИНА БОЛСЫН, СОРОС ҚОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БІР-БІРІМІЗДІ ЖАҚСЫ ТАНУШЫ ЕДІК, ӘЛІ ДЕ СОЛАЙ. ҚОРДА ТАНЫСҚАНДАРДЫҢ БӘРІ ДЕ ЖАРҚЫН ЖАНДАР БОЛДЫ. ОЛАР «АДАМ ҚҰҚЫҒЫ» ҰҒЫМЫНЫҢ ЖӘНЕ НАҒЫЗ БОСТАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНЕТІН

Соростың философиялық тұжырымы – ашық қоғам қағидасы, ол әр мемлекетке керек. Әсіресе, тәуелсіздікке енді жетіп, болашаққа жол іздеген қоғам үшін өте маңызды. Қазақстанда, Кавказда, Орталық Азия мен Венгрияда өткен кездесулер бұл елдерді ортақ мүддеге жұмылдырып, бір-біріне жақындата түсті.

Қазір біздің елде де миллиардерлер бар. Бірақ олардың арасында Сорос сияқты тапқан ақшасын

игі істерге, білім беруге және денсаулық сақтау саласының дамуына, халыққа көмектесуге жұмсап жүргендер аз. Ал Джордж Соростың таңдаған жолы бөлек. Кейінгі жылдары Сорос-Қазақстан қорында көптеген маңызды бағдарлама болғанын айтып өткен жөн. Ал ұлттық мүдде тұрғысынан келсек, қандастарға арналған бағдарлама ерекше есімде қалды.

Қандастарымыз алғаш рет Қазақстанға орала бастағанда, ел туралы ештеңе білмеді деуге болады. Қор қаражат бөліп, қоныс аударушыларға құқықтық көмек пен білім беретін курстар ұйымдастырды. Мұның пайдасы мол болды деп ойлаймын. Азаматтығын енді алған қандастарымыз қорғансыз емес екенін түсінді, болашаққа сенімді болды.





Жаныма жақын жобаның бірі – әдебиетті қолдауға арналған «Қазіргі қазақ романы» жобасы. Бұл пайдасы мол, үлкен тәжірибе жинақтаған жоба болды. Қор байқау жариялап, жүлде қорын бекітті. Қатысушылар арасынан болашағы бар бес талантты жазушыны таңдап алды. Оларға шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік берді. Арнайы семинарлар өткізді. Оған қоса, әрқайсына ай сайын 300 доллар төлеп тұрды. Ол кезде 300 доллар әжептәуір ақша еді. Біздің қаржылай қолдауымыз авторлардың қалыптасуына, дарынды жазушылардың қанатын жаюына көмектесті. Олар: Айгүл Кемелбаева, Таласбек Әсемқұлов, Николай Веревокин, Илья Одегов және Дидар Амантай.

Бұл бесеуін қалай таңдап алдық? Сорос қоры тоталитаризмге, авторитаризмге және бір адамның билігіне қарсы. Байқау жеңімпаздарын Қазақстанның әдеби ортасында беделді азаматтар таңдады.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА КӨПТЕГЕН ЖҰМЫС  
АТҚАРЫЛДЫ. НАШАҚОРЛЫҚПЕН ЖӘНЕ ҚАЗІР  
ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫРҒАН БАСҚА ДА  
ПРОБЛЕМАЛАРМЕН КҮРЕСУДІҢ НАҚТЫ ЖОСПАРЫ  
ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ

Қорда жүзеге асырып үлгермей қалған жобалар үшін өкініш бар. Солардың ішінде мен үшін аса маңызды жоба болған. Біз Қордың орталық-азиялық әріптестермен бірге ынтымақтасқан Орталық Азия болуды қалайтынымыз туралы Соросқа хат жазғанбыз. Бұл біздің елдердің тәуелсіздігін сақтап, адамдардың санасы мен рухын көтеруге көмектесер еді. Ал біріктіруші буын ретінде Аймақтық өнер академиясын құруды ұсындық.

Хат 2002 жылы жазылды. Ол кезде көрші елдердің президенттері бір-бірімен араласпайтын. Жағдай қиын еді. Қазақ, өзбек, қырғыз баяғыдан бір-бірімізге жақынбыз. Бұған қоса тәжіктер, әдетте қосыла бермейтін түркімендер бар. Ал біздің жобаға тіпті түркімендер де қосылған еді! Бұл мәдениеттер бірлестігі арқылы Орталық Азияның саяси күшке айналуына мүмкіндік беретін, заманның талабынан туған, болашағы бар жоба еді. Өкінішке қарай, болмай қалды.





# СТЕРЕОТИП СЫРТЫНДАҒЫ ӨМІР

**МАЛИКА ТОҚМӘДИ,**  
ЗЕРТТЕУШІ, PAPERLAB НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

# С

Сорос-Қазақстан қорымен жұмыс – әрдайым теңдікке құрылған жұмыс. Әр жоба – тең құқықты серіктестік, ешқандай иерархия жоқ командалық ойын. Өзіңді орындаушы емес, үлкен команданың бір бөлшегі сезінесің. Қолдап қана қоймай, жобаға толыққанды қатысу жетістікке итермелейді. Сорос-Қазақстан қоры дегенде әрдайым ризашылық сезімі туатыны содан шығар.

Қазақстанда 25 жыл қызмет етіп келе жатқан Қордың мұнда шын ниетпен әрі ұзаққа келдік дейтін ұстанымы құрметтеуге лайық. Қор бұл шешімін ұзақмерзімді, ұзақ уақытқа арналған нәтижеге бағытталған жобалары арқылы дәлелдеп келеді.

Мұнда адам капиталын бағалай біледі. Бұл өте маңызды. Қор әрқайсымыздың әлеуетімізді пайдаланып қана қоймай, оны дамытады және оған инвестиция салады. Қордың стипендиялық бағдарламасының түлегі болғандықтан, мұны сеніммен айта аламын. Қордан алғаным көп.

Өзім туралы айтып берейін. Сорос-Қазақстан қорының «Қоғамдық саясат» стипендиялық бағдарламасына университет бітірген тұста тап болдым. Оқу бітіргеннен кейін алған білімін жұмсайтын «тетік» таппай қиналатын түлектер мені жақсы түсінеді деп ойлаймын. Оның үстіне, шетелде білім алдым да, Қазақстанға оралған соң вакуумда қалғандай болдым. Қайда барып, өзімді маман ретінде қалыптастыруды қайдан бастарымды түсінбедім. Сол аралықта Қордың шәкіртақы бағдарламасына өтінім беру мүмкіндігі туралы ақпарат оқып, өтінім бердім.

Қормен бірге жасаған жобаларымыз уақыты келгенде тоқтап қалған жоқ. Бастама табысты

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫМЕН БІРГЕ ЖАСАҒАН ЖОБАЛАР УАҚЫТЫ КЕЛГЕНДЕ ТОҚТАП ҚАЛМАЙДЫ. ТАБЫСТЫ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОР КОМАНДАСЫ ТОЛЫҚТАЙ ҚОЛДАЙДЫ. ОНЫҢ ЖАЛҒАСЫН ТАБУҢҢҰШІН ЖАНЫН САЛАДЫ

болса, жоба жүзеге асып жатса, әрдайым оның жалғасын табуы үшін жұмыс істейміз.


Дәл осы шешім менің кәсіби жолымдағы бет-бұрыс деп ойлаймын. Бүгінде зерттеумен, құқық қорғаумен, журналистикамен айналысатын көптеген танысым үшін де осылай. Бұл әрі қарайғы кәсіби даму жолына ашылған есік іспетті.

Сорос-Қазақстан қорының оқу бағдарламалары туралы сөз қозғап отырғаным бекер емес. Мұнда тек білім берумен шектелмейтінін түсінсеңіздер деймін. Қор бағдарламалары әрбір тұлғаны дамыту және оның әлеуетін ашуға бағытталған. Осы адамгершілік (немесе адамға бағытталу) Қорды ерекшелей түседі. Басқа ұйымдардың көптеген бағдарламасына жетіспейтіні де – осы.

Қорда тренингтерге қатысумен шектелмейсің, жобаның басынан аяғына дейін ментор қолдап отырады. Ешқашан «ашық теңізге» лақтырып жіберіп, өзің жүз демейді. Мұнда кешенді қолдау көрсетіледі. Осының арқасында жоба қатысушыларына кәсіби ортаға кіру, түрлі кәсіби конференцияға қатысу мүмкіндігі туады. Гранттар мен халықаралық стипендияларға өтінім беруге шынайы мүмкіндік пайда болады.

Сорос-Қазақстан қорының арқасында кәсіби жолын жаңа бастаған жас зерттеушілер тобымен таныстым. Біздің жақын болғанымыз сонша (тек кәсіби тұрғыда емес, тұлға ретінде де), бірге жұмыс істей бастадық. Бірлескен зерттеу жүргіздік, ал кейінірек PaperLab жеке зерттеу орталығын құру жөнінде шешім қабылдадық.

2016 жылдан бастап орталық базасында ел астанасында әртүрлі талқылау өткізіп келеміз. Біз жаңадан бастаған тұста мұнда саяси және қоғамдық тақырыптағы қоғамдық пікірталасқа қызығушылық төмен деушілер болды. Тыңдаушы табу аса қиынға соғады деп сендірді. Себебі астанада қызмет істейтін, саясатқа қызықпайтын адамдар өмір сүреді деген көзқарас қалыптасқан еді. Алайда жұмыс істей жүріп, сұраныс бар екеніне көзіміз жетті.



Тіпті, қалада өзекті мәселелер бойынша ашық диалогқа сұранып тұрған тақырыптар бар екен. Бұл жоба бірінші кезекте біздің өзімізге керек еді. Жас зерттеушілер ересек әріптестерімен тең дәрежеде жетістіктері туралы пікір алмасып, өздерін толғандыратын саяси мәселелерді көтеруін қаладық. Қазақстанда иерархия мәселесі бар және бір буын мен екінші буын арасында білім бөлісу институты жоқ, сондықтан жас мамандарға әлеуетін толыққанды ашу қиын. Өкінішке қарай, аға буын білгенін айтып, жас әріптестерін қолдауға әрқашан дайын емес. Осы пікірталас алаңы арқылы жас зерттеушілерге сөз беріп, қоғамдық алаңды жаңа есімдермен, соны пікірлермен толықтырып, буындар арасындағы диалогқа себепкер болу қолымыздан келіп жатқан сияқты.





# ТИІМДІ ЖҮЙЕ

**ЕВГЕНИЙ ЖОВТИС**, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БҮРОНЫҢ ДИРЕКТОРЫ. ЖАҢА ӘЛЕМГЕ АШЫЛҒАН «ТЕРЕЗЕ», МӘДЕНИ ДИАЛОГ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ШЕШІМДЕРДІҢ КӨЛДЕНЕҢ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

Сорос-Қазақстан қорының қызметін Джордж Сорос құрған бүкіл желі қызметінен бөліп алып бағалау қиын болар. Бұл көп қырлы қызмет болды. Джордж Сорос ашық қоғам идеясын тұтастай алға тартты, қордың азаматтық қоғамды қолдау бағытындағы жұмысын да тоқтатқан жоқ. Соның арқасында адам құқықтары мен заңнама реформасы, мәдениет пен ғылым бойынша даму динамикасын көрдік.

Қазақстанда қызмет еткен 25 жылда Қор халықаралық қатынасты қолдау бағытында да көп жұмыс істегенін атап өткен жөн. «Шығыс-Шығыс» және «Шығыс-Батыс» бағдарламалары қазақстандық ғылым, мәдениет және азаматтық қоғам өкілдеріне шетелдік әріптестерімен байланыс орнатуға жол ашты. Еуропаға, Азия мен Америкаға есік ашылды.

Түрлі басылымдар, ғылыми мақалалардың аудармасы, шетелдік кітаптар мен еңбектер көпшіліктің есінен шыға қоймаған шығар деп ойлаймын. Студенттерге стипендия бергені, студенттердің Еуропаның университеттерін көруге мүмкіндік алғаны есімде. Бұл көп нәрсені сақтап қалуға тырысқан және сақтап қалған үлкен бір шаруа болды. Сорос-Қазақстан 25 жылда бізді құрдымға кетуден сақтап қалды. Әйтпесе, мәселен, Түркіменстанда Қор жұмыс істей алған жоқ. Қордың Қазақстандағы жұмысы арқасында қоғам да, ғылым мен мәдениет те «келбетін» сақтай білді, тіпті кей тұста алға жылжыды деп сеніммен айтуға болады.

Авторитарлық елде демократия, ашық азаматтық қоғам, заң және адам құқығының үстемдігін

ҚАЗАҚСТАНДА XX ҒАСЫРДЫҢ 90-ЖЫЛДАРЫ БАСЫНДА ҚҰЛДЫРАҒАН ҒЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ ПРОЦЕСІ БАСТАЛДЫ. БҰЛ ҚОЛДАУ БІР РЕТТІК АКЦИЯ ЕМЕС, ТҰРАҚТЫ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ДИАЛОГ ТҮРІНДЕ ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН ҚАДАМ БОЛДЫ

дамытуды мақсат еткен Сорос-Қазақстан қорынан айтарлықтай серпіліс күту қиын. Ауыз толтырып айтатын жетістікке жету үшін демократияға көшу қажет, ал біз әлі де нағыз авторитар жүйеде өмір сүріп жатырмыз. Өткен ширек ғасыр ішінде Сорос-Қазақстан қоры үшін ең маңызды мәселенің бірі де осы болды.

Қоғамдық бірлестіктер, бейбіт жиындар, саяси партиялар, сайлау және тағы басқа негізгі мәселелерге қатысты репрессиялық заңнама бар жерде азаматтық қоғамның дамуына қол жеткізу қиын. Мемлекет пен қоғам, билік пен халық арасындағы қарым-қатынас авторитаризм әдісіне құрылған посткеңес елінде мұның бәрін жүзеге асыру оңай емес.

Соған қарамастан, Сорос-Қазақстан қоры жекелеген салаларда үлкен жетістікке жетті деп ойлаймын. Оның бір айқын дәлелі – ювеналдық әділет. Қор дәл осы саланы қаржыландыруға кірісті, Қазақстанда ювеналдық әділетті дамытумен айналысты, билік өкілдерінің қатысуымен алғашқы талқылауды өткізіп, дөңгелек үстел, басқа да іс-шаралар өткізе бастады.

Сорос қорының басым бағыты айқын. Джордж Соросың, оның қоры мен филантропия қызметінің басты міндеті – Карл Поппердің ашық азаматтық қоғам идеясын насихаттау. Азаматтық





БІРНЕШЕ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ТАЛҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ЮВЕНАЛДЫҚ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІ ПАЙДА БОЛДЫ. ҚАЗІР ЕЛІМІЗДЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ЮВЕНАЛДЫҚ СОТТАР БАР. МҰНДАЙ СОТ, МЫСАЛЫ, КӨРШІ РЕСЕЙДЕ ЖОҚ. ОСЫНДАЙ СОТТАРДЫҢ АРҚАСЫНДА 15 ЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ СОТТАЛҒАНДАР САНЫ 20 ЕСЕГЕ ДЕЙІН АЗАЙДЫ. КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЛҒЫЗ-АҚ КОЛОНИЯ ҚАЛДЫ

қоғамның заманауи мемлекетке аса қажет құрал екені туралы нық сенім – Қор жұмысының тұрақты дамуы мен бәсекелестік қабілетінің стратегиялық элементі.

Джордж Сорос ашық қоғам мемлекеттік басқарудың ең тиімді құралы екенін айтады. Өйткені ашық қоғамда проблемаларды анықтау, кері байланыс жасау оңайырақ, басқару шешімдерін қабылдау тиімдірек. Ең бастысы, мемлекет қажет емес жерде араласпауы керек, өйткені азаматтық қоғам өз мәселесін көлденең деңгейде өзі шешеді. Сондықтан Сорос-Қазақстан қорының осы жылдардағы басты міндеті азаматтық қоғамды нығайту және оның дамуына жәрдем ету болды.

Бізді балама мүмкіндікті қарастыруға шақырған да осы Сорос-Қазақстан қоры болды. Қоғам

деген не, оны қалай қадағалауға, басқаруға, бақылауға болатыны туралы таптаурын түсініктегі посткеңестік кеңістік азаматтары үшін (әсіресе билік басындағылар үшін) бұл революциялық қадам болды. Қор әлемде табысты жұмыс істеп жатқан заманауи үлгілерге сүйеніп отырып, әрдайым бәрін басқаша жасауға болатыны туралы түсінік қалыптастыруды және балама ұсынуды мақсат етті. Бұл тұрғыда Сорос-Қазақстан қоры бірегейлігімен ерекшеленеді.

Ювеналдық әділет туралы тағы да қайталап айтқым келеді. Институционалдық деңгейде жүзеге асқандықтан, мұны ең сәтті жобаның бірі санаймын. Осы жұмыстың арқасында бізде кәмілеттік жасқа толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынаста халықаралық стандарттарға сай қылмыстық сот төрелігі институты пайда болды. Бұл – заманауи мемлекет институты.



Мен жүйелі өзгерісті бағалаймын. Заңнама деңгейінде, институционалдық және менталдық тұрғыда жүйелі өзгеріс болуы маңызды. Ювенал әділетінде осының бәрі болды. Байқасаңыздар, қазір ювеналдық соттың судьялары, кәмелетке толмағандардың ісі бойынша тергеушілер мен прокурорлар менталдық тұрғыда өзгерді.

Бұрын кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларға заң қатал болатын, әсіресе ауыр қылмыс жасағандар бірден ересек адам секілді бас бостандығынан айыратын. Ал қазір бас бостандығынан айыруға сирек жүгінеді. Әлемнің көптеген елінде солай.

Қордың тағы бір жетістігі – дебат орталықтары. Қор осы бағыттағы алғашқы алаңды құрды. Біз орталық және аймақтық телеарналардан қызу саяси пікірталасты сирек көреміз. Отандық ток-шоулар көбіне алдын ала дайындықпен түсіріледі немесе өзекті мәселеге мүлдем қатысы болмайды. Ал пікірталас орталықтары бірінші кезекте түрлі көзқарастағы жастарға өзекті тақырып төңірегінде өркениетті түрде пікір таластыруға мүмкіндік берді.

Кейінгі жобалардан «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» жобасын ерекше атап айтар едім.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕСІМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ӨЗГЕ ДЕ ДОНОР ҰЙЫМДАР СИЯҚТЫ АВТОРИТАРЛЫҚ САЯСИ КОНТЕКСТ ШЕҢБЕРІНДЕ БІРҚАТАР ШЕКТЕУГЕ ТАП БОЛДЫ. СОҒАН ҚАРАМАСТАН, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫН ҚОЛДАП, МИССИЯСЫНА АДАЛДЫҚ ТАНЫТЫП, ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕДІ. ҚОР ЕЛДЕ КӘСІБИ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ, ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ, СУРЕТШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ТАҒЫ БАСҚА МАМАНДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ ҮШІН КӨП ЖҰМЫС ІСТЕДІ

Өзім осы жобаның бастауында болдым, алғашқы оқу құралдарын дайындадым және алғашқы тәлімгердің бірі болдым. Қордың арқасында қарапайым азаматтық белсенділерден, адвокаттардан немесе қарапайым жастардан кәсіби мамандар даярлайтын бір жылдық курстар ұйымдастыруға мүмкіндік алдық. Олар адам құқықтары және халықаралық стандарттар деген не, адам құқығын бақылау деген не, нәтижеге қалай жету керек, адвокатура деген не екенін білу үшін мұқият оқуына тура келді.

Жоба аясында қазақ және орыс тілдерінде ондаған жас маман курстан өтті. Олардың кейбірінің орнықты пікірімен қоғамға танылып, көзқарасы нығайып келе жатқаны қуантады.





# ЖАҢА ШЫНДЫҚ: COVID-19

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ 25 ЖЫЛДЫҒЫН ЖАҢА ЖАҒДАЙДА  
ҚАРСЫ АЛУДА.

# Б

Бірнеше ай бұрын ғана Қор қызметкерлері мерей-тойға белсенді дайындық жасап, осы күнге орай жыл бойы түрлі іс-шаралар, көрмелер мен талқылаулар ұйымдастыруды жоспарлаған еді. Бірақ COVID-19 жоспарымызды түбегейлі өзгертті. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурыздан бастап елде төтенше жағдай жариялады. Әлем елдері секілді бізге де жаңа жағдайда өмір сүріп, соған үйренуге және жұмыс істеуге тура келді. Қор жылдам және конструктив әрекет етті: барлық жұмыс онлайн режимге ауысты.

Карантин уақытында Сорос-Қазақстан қорының YouTube арнасында 12 түрлі онлайн шара өтті: «TALKовая пятница» шеңберінде апта сайын кездесу өтіп, адам құқығының негізі бойынша онлайн курс ұйымдастырылды. «TALKовая пятница» төтенше жағдай режимі кезінде азаматтардың құқығы мен еркіндігін шектеуге қатысты өзекті сұрақтарды талқылауды мақсат етті. Соның ішінде ТЖ кезінде ақпарат беру, осы мерзімде заң шығару мен шешім қабылдау, мемлекеттің халықты қаншалықты сәтті құтқарып жатқаны, төтенше жағдай кезіндегі құпиялық пен жеке мәліметтер, дәрігерлер туралы айтылды.

«Адам құқығы» бағдарламасы аясында Қор тіркелген 300-ге жуық қатысушыға жеті түрлі лекциядан тұратын онлайн курс өткізді. Лекцияны Татьяна Чернобил, Рустам Қыпшақбаев, Евгений Жовтис, Зәуреш Батталова, Сергей Саяпин және Лейла Дүйсекова сияқты құқық қорғаушылар оқыды.


Оған қоса, Сорос-Қазақстан қоры Open Society Foundations қолдауымен Chatham House халықаралық қатынастар саласындағы британ аналитика орталығының «Қазақстан: «билік

транзитінің» сынағы» (Kazakhstan: Tested by Transition) есебінің орысша аудармасын шығаруға арналған талқылауға қолдау жасады. Жақын арада оны қазақша да оқуға болады. Есепті танымал шетел және Қазақстан сарапшылары жасады, олар Қазақстандағы билік транзитін азаматтық-саяси бостандықтар мен адам құқығы, сыртқы саясат, бірдейлік мәселесі, саяси және экономикалық даму тұрғысынан талдады. Мамыр айының соңында Сорос-Қазақстан қоры жобаның кейбір авторларымен есептің шығуына байланысты пікірталас өткізді. Онлайн пікірталасқа саясаттанушы Досым Сәтбаев, журналист Джоанна Лиллис, экономист Қасымхан Қаппаров, тәуелсіз сарапшы, журналист Биргит Брауэр қатысты. Кездесуді Гарвард университеті жанындағы Ресей және Еуразия зерттеулері Дэвис орталығының аға ғылыми қызметкері Наргис Қасенова жүргізді.

Оған қоса, Қазақстанда карантин жариялана салысымен-ақ дереу Сорос-Қазақстан қорының Қамқоршылар кеңесі Қазақстандағы COVID-19 пандемиясы кезінде халықтың аз қамтылған топтарына көмек ретінде арнайы қордан 500 000 доллар бөлу туралы шешім қабылдады.

«Пандемияның ауқымы қоғамның бірқатар әлеуметтік және экономикалық проблемасының бетін ашты. Индет әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтар тізімін айтарлықтай ұзартты, кейде төтенше жағдай кезіндегі шектеу шаралары адам құқығының бұзылуына әкеледі. 2020 жылдың мамыр айының соңына дейін Сорос-Қазақстан қорының арнайы қоры пандемия кезінде қоғамның ең аз қамтылған топтарын қорғауға бағытталған конкурстан тыс өтінімдер қабылдады. Жаңа сынақтарға бейімделе отырып, біз пандемия контексіндегі бағдарламалық іс-шараларды қайта қарауға дайын болдық», – деді Сорос-Қазақстан қорының басқарма төрайымы Аида Айдарқұлова.

Сорос-Қазақстан қорының бастамасы пандемияға және өміріміздің сан алуан саласына байланысты оның салдарымен күресу бағытында мемлекет қолға алған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы мақсатта Сорос-Қазақстан қоры аясында COVID-19 кезеңінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтардың құқығын қолдауға қатысты өтінім қабылдау жарияланды.



СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ – ФИЛАНТРОП ДЖОРДЖ СОРОС ҚҰРҒАН «АШЫҚ ҚОҒАМ» ҚОРЛАРЫНЫҢ, КЕҢСЕЛЕР ЖЕЛІСІ МЕН ҚОРЛАРДЫҢ БІР БӨЛІГІ. АШЫҚ ҚОҒАМ ҚОРЛАРЫ ӘЛЕМДЕ COVID-19-ДЫ ЖОЮ ҮШІН КҮРЕСКЕ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ 130 МИЛЛИОН ДОЛЛАРДАН АСТАМ ҚАРЖЫ БӨЛДІ

Олардың қатарында қарт кісілер, мүгедектігі бар адамдар, паллиатив қызмет пациенттері, білім алуда ерекше қажеттігі бар балалар, сотталғандар, мигранттар және тағы басқалар бар. Оған қоса, жалған ақпаратқа қарсы әрекет, онлайн білім берудің мүмкіндігін арттыру, мемлекеттік бюджеттен пандемиямен күреске кеткен шығынға мониторинг жасау, төтенше жағдай кезінде адам құқығы мен еркіндігін қорғау және ілгерілету бар.

«Арнайы қор індетке байланысты күнделікті сынақтарға жауап ретінде құрылды, бұл Қордың вирустың таралуы және оның салдарымен күреске қосқан үлесі», – деп түсіндірді Сорос-Қазақстан қорының ұстанымын Айдарқұлова ханым.

Иә, жаңа шындық – жалпы қоғамнан басқа стратегия мен дағдыларды талап ететін бұлтартпас факті. Ендігі жаңа әлемнің қандай болатыны адамдар, елдер мен ұйымдардың дәл қазір қандай шешім қабылдайтынына байланысты. Вирусты ғана емес, оның салдарын да бақылау үшін адамзатқа аз уақыт ішінде жағдайға сай әрекет етуге тура келетіні анық. Жұмыс жалғасады!



# МАҢЫЗДЫ ҰСТАНЫМ

**НАДЕЖДА КОЗАЧЕНКО, «КРЕДО» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ. ПАЛЛИАТИВ КӨМЕК, АИТВ ЖҰҚТЫРҒАНДАР МЕН ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛЕРГЕ КЕЛЕТІН ЗИЯНДЫ АЗАЙТУ ЖӘНЕ БІРЛЕСТІК ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫНЫ ТУРАЛЫ**

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН  
ҚОРЫНЫҢ АРҚАСЫНДА  
БІЗ ТАНЫМАЛ, ҚОЛҒА  
АЛҒАН ЖОБАСЫНЫҢ  
ПРИНЦИПІНЕ АДАЛ  
ҰЙЫМ РЕТІНДЕ  
ҚАЛЫПТАСТЫҚ!  
ҚОРМЕН СЕРІКТЕСТІК  
НӘТИЖЕСІНДЕГІ  
ТӘЖІРИБЕМІЗ БІЗДІҢ  
ҰЙЫМҒА 21 ЖЫЛ БОЙЫ  
ЖЕМІСТІ ҚЫЗМЕТ  
ЕТУГЕ МҮМКІНДІК  
БЕРДІ



**Б**іздің ұйым «Кредо» деп аталады, қоғамдық бірлестік 1999 жылдың қаңтар айында құрылды. Оны құруға айрықша қажеттік болды. Ол қандай қажеттік еді? Мен ол кезде Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес орталығы жанындағы медициналық академияда иммунология және аллергология кафедрасын басқаратынын. Сол кезде біздің дәрігерлер екі колониядағы Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған АИТВ жұқтырған сотталушыларды тексерумен айналысты.

Қиын заман еді. АИТВ жұқтырған сотталушылармен жұмыс істеуге қажет дәрі-дәрмек жоқтың қасы. Әрі мұндай науқастарда көптеген басқа қабыну қатар жүреді. Осының бәрі жинала келіп, ЖИТС орталығының дәрігерлері және кафедра қызметкерлерімен бірге қабынуды емдеу тәсілдерін іздеумен айналысатын үкіметтік емес ұйым құруға итермеледі. Сорос-Қазақстан қоры бізді алғашқылардың бірі болып қолдады.

Бастапқыда ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыстық. Соның нәтижесінде кандидаттық

диссертациялар қорғалып, патенттер алынды. Кейінірек АИТВ инфекциясы мен есірткіге тәуелділіктің алдын алу керектігін түсіндік. Біздің ең үлкен жобамыз «Зиянды азайту» бағдарламасы болды. Оның аясында екі стационар, бір жылжымалы шприц алмасу пунктін ұйымдастырдық. Бұл қоғамға ғана емес, өзімізге де пайдалы болды. Медициналық және әлеуметтік қолдауға, аутич жұмыс негіздерін игеруге, бірқатар кәсіби әлеуметтік қызметкерді жетілдіруге, құқық қорғау органдарымен қарым-қатынас орнатуға, әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған отбасылардың қажеттігін түсінуге көмектесті. Оған қоса, әрине, халықпен, медицина қызметкерлерімен және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен белсенді ақпараттандыру жұмысына жол ашты.

Бүгінгі жағдайымыз қалай? Қазіргі уақытта Қазақстанда заңды тұлғалар қауымдастығына қарайтын «Қазақстанда АИТВ-мен өмір сүретін адамдар одағының» қолдауымен АИТВ жұқтырған адамдардың проблемасымен айналысатын көптеген жаңа ұйым жұмысын бастады. Олар үнемі кәсіби болмаса да, амбициясы жоғары ұйымдар. Біз негізінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобаларымен жұмыс істейтіндіктен, ұйымдар мен жұмыс бағытының әртүрлі болуы белгілі бір қиындықтар туғызды. Мен «үзік-үзік қаржыландырудың» (аса маңызды жобалар қолдау тапқанымен, жыл соңына дейін созылмайды) пайда болуына әсер еткен атышулы демпинг туралы және «Кредо» бірлестігі жұмысының көптеген басқа аспектісі жайында айтып отырымын. Бұл жерде де бізге Сорос-Қазақстан қорымен жұмыс істеу кезінде жинаған тәжірибеміз көмектесіп отыр. Оның ішінде өтініш жазу, мемлекеттік құрылымдармен жұмыс істеу тәжірибесі де бар.

Өкінішке қарай, кейінгі жылдары елімізде біздің салаға қажет осындай жобаларды көріп жүрген жоқпын. Бірақ Сорос-Қазақстан қорының күн сайын өмірімізді өзгертіп жатқанын білемін. Мұның бәрі Қордың командасы сенетін демократия құндылықтарының, ізгілік пен жұмыстағы ашықтықтың арқасы. Дәл осы Қор бірінші болып Қазақстанда паллиатив көмек жоқ екенін айтты және зерттеу, ақпараттық-білім беру бойынша бірнеше жобаны бастады. Жұмыс тобы да құрылды, Қазақстан Республикасында паллиатив көмек көрсетудің стандарты жасалып, ұсынылды, денсаулық сақтауды дамыту бағдарламаларына ұсыныстар енгізілді, алғашқы мобильдік топтардың жұмысы басталды. Нәтижесінде Қазақстанда паллиатив көмек беру қауымдастығы құрылды.

# ПІКІРЛЕСТЕР ДӘУІРІ

**НАРГИС ҚАСЕНОВА, САЯСАТТАНУШЫ. ҚОРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА АШЫҚ ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ, ДЖОРДЖ СОРОСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРҒА ДЕРБЕСТІК БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ШЕШІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯНЫ ДАМУҒА МҮМКІНДІКТЕРІ ТУРАЛЫ**

Мен ұзақ уақыт сырттай бақылаушы болдым. Сорос-Қазақстан деген қор бар екенін білетінмін, шәкірт-ақылары, жол жүру гранты, Заманауи өнер орталығы туралы еститінмін. Бірақ нақты қандай ұйым екенін, немен айналысатынын жарытып білмейтінмін. 2009 жылы мені Қордың Қамқоршылар кеңесіне мүше болуға шақырып, танысуымыз содан басталды. Келісімді бермес бұрын Қордың қызметімен және онда жұмыс істейтін адамдармен таныса бастадым. Жобалардың өзектілігі, өмірлік маңызы бар екені және команданың кәсібилігі бірден көзге түсті.

Мен қоғамдық маңызы бар мәселелерді ашық талқылауды қолдаймын. Сорос-Қазақстан қоры мұны «Қоғамдық саясат» бағдарламасы аясында күшейтуге тырысып жүр. Ашық қоғам экономикалық теңсіздік салдарынан зардап шекпеуі тиіс. «Ашық экономика» бағдарламасы осы мәселені негізге алады. «Жаңа азаматтық бастамалар» бағдарламасы қоғамның әр мүшесі өзін шынымен де елдің азаматы сезінетін, құқығы мен жауапкершілігі бар қоғамға қол жеткізуді көздейді. 2013 жылы басталып, 2019 жылға дейін жалғасқан «Баршаға ашық қоғам» бағдарламасының басты идеясы – денсаулығына немесе басқа да жағдайға байланысты ешкімді қиын жағдайда қалдырмау.

Мен үшін Қордың Қазақстандағы ашық қоғамды ілгерілету миссиясы да өте маңызды. Көздеген мақсаты зор. Сонымен бірге, Қордың қол жеткізген жетістігі де жеткілікті. Олардың қатарында паллиатив көмек және инклюзив білім беруді енгізу, керемет медиа жобалар бар. Осындай жобалардың болуының өзі-ақ шындыққа монополия жоқ екенін және болуы мүмкін де емес екенін растайды. Бұл жағынан ойымыз бір жерден шығады.

Қордың бірегей құрылымы бәсекеге төтеп беруіне ықпал етеді. Мұнда жергілікті сараптама мен үздік әлемдік тәжірибе шебер үйлесім тапқан. Басқаша айтсақ, Джордж Сорос пен оның командасы ұлттық қорларға айтарлықтай дербестік берді. Олар әр елдің халқы өз проблемасын басқалардан жақсырақ біледі, түсінеді және шешімін де таба алады деп түйді. Мұндай көзқарас мықты әрі тиімді жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Қордың осындай ұстанымының арқасында соңғы отыз жылда (бұрынғы КСРО-ның Сорос қоры жұмыс істеген және істеп жатқан бөліктерін айтып отырмын) біздің елдердің ұқсастығы азая түсті. Өйткені кеңестік біріктіруші «желім» ажырап, дамудың әртүрлі жолы таңдалып, жүзеге аса бастады... Бірақ бұл елдер саяси институттарымен және заң үстемдігімен мақтана алатындай емес, әлі де ұлттық құрылысы толық қалыптасып болмаған жас мемлекеттер.

Демократия болуы үшін мықты мемлекетпен қатар, қоғамда саяси мәдениет дамыған болуы керек. Демократиялық процедураны қабылдап қана қоя салу жеткіліксіз. Бұл жағынан Сорос-Қазақстан қоры жүргізіп отырған дайындықтың маңызы зор. Халық демократияға дайын емес дейтіндерге сенбеңіз. Мұндайды демократияны тұншықтырушылар ғана айтады.

ДЖОРДЖ СОРОСТЫҢ БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ОСЫндай ҚОР ҚҰРУҒА ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫ – ЖОЛЫМЫЗДЫҢ БОЛҒАНЫ. ҚАЗАҚСТАН АШЫҚ ҚОҒАМ АУЫЛЫНАН АЛЫС. АЛ СОРОС ҚОРЫ БОЛМАСА, ондай ҚОҒАМНАН ТІПТЕН АЛЫС БОЛАР ЕДІК.



# БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

**ВИТАЛИЙ КУЛИК**, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМНЫҢ БІРІ – «ЗУБР» ӘЛЕУМЕТТІК-КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ. ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІНЕ СЕНІМ МЕН АШЫҚТЫҚ ҚАЛАЙ ӨСЕР ЕТЕТІНІ, ҚОЛ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІККЕ МАСТАНБАЙ, АЛҒА ЖЫЛЖУДЫҢ ҚАНДАЙ КЕРЕМЕТ НӘТИЖЕ БЕРЕТІНІ ТУРАЛЫ

С

Сорос-Қазақстан қорына 25 жыл. Қорды оқу озаты десек те болады. Мектептегі бағаны қарапайым тілмен түсіндірсек, ұйымның ұзақ уақыт қызмет етуінің өзі оған құрметпен қарауға жеткілікті. Екінші жағынан, қордың кез келген жағдайды жастық жігермен қабылдауы да қайран қалдырады. Бұған адамдарды қосыңыз. Сорос-Қазақстан қорының мықты болуының тағы бір себебі – адамдар. Олармен жұмыс істеп қана қоймай, етене араласуға тура келді. Қай-қайсы да ашықтығымен, озық ойлауымен және жаңашылдығымен ерекшеленеді. Қандай да бір мәселе болса, кез келген уақытта хабарласуға, ақылдасуға, тығырықтан шығатын жолды бірлесе табуға болады. Өзіңді жалғыз сезінбейсің, себебі жұмыс барысында арқа сүйейтін адамдар бар екенін білесің. Ең бастысы, бұл – есеп үшін жұмыс істейтін қатып қалған кеңсе емес. Мұнда адамдар нәтиже үшін қызмет етеді.

Қор ойлау еркіндігімен ерекшеленеді. Жаңа бағдарламалар мен бағыттарды ашуға, серіктес іздеуге қатысты да осыны айтуға болады. Мұнда үнемі түрлі идея туындап, өмірге жолдама алып жатады. Бұл тұрғыда басқа қорлар таптаурын, жаңашылдыққа қарсы және жабық.

Сорос-Қазақстан қорының икемділігі оның жедел жұмыс істеуінен де көрінеді. Серіктестермен қарым-қатынаста қатып қалған тәртіп жоқ. Тез арада әрекет етуге мәжбүрлейтін жағдай бола қалса, Қор дереу көпшілікке қолайлы жолды іздейді, тұйықтан шығар жолды табады да. Бұл ретте бастысы сіздің сенімді не сенімсіз болуыңыз емес. Қор бірге жұмыс істейтіндердің баршасына сенім артады. Мұндай тәсіл серіктестердің адалдығын сарапқа салып қана қоймай, тиімді жұмыс істеуіне де жол ашады.



Биыл Қордың құрылғанына 25 жыл болса, бізге – 21 жыл. Демек, біз бұл Қормен құрылғаннан бері жұмыс істеп келе жатырмыз! Бәрі Сорос-Қазақстан қорының Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған Жазғы мектебінен басталды. Кейін біз осы идеяны жалғастырып (жақсы идея жалғасын тапқаны дұрыс!), бүкіл шығыс өңірі үшін Жазғы мектеп ұйымдастырдық. Мұндай шараны үш рет ұйымдастырдық. Олардың әрқайсынан жақсы естелік қалды. 2000 жылдары біз ұйымдастырған мектептерге қатысқан көптеген адам өмірден өз орнын тапты және жетілген, табысты адам болып қалыптасты. Олардың арасында мемлекеттік қызметте жүргендер де, үкіметтік емес ұйымда қалғандар да, бизнеске бет бұрғандар да бар. Біздің жеті күндік мектебімізде оқыған-тоқығаны әлі күнге дейін кәдеге жарап келе жатқанын мақтанышпен айта аламын.

2000 жылдардың басын еске алғанда, Сорос қоры белсенді түрде қолдаған азаматтық белсенділік идеясы ойға келеді. Ол кезде азаматтық белсенділік дегеннің өзі таңсық еді. Кейде өзімізді заманнан озып бара жатқандай сезінетінбіз. Көпшілік түсіне қоймайтын жобалар ұсынамыз. Мұндай жағдайда Қордың тәуекелге бел бұғанын айтқан жөн. Ол кезде азаматтық белсенділік әлі жаппай қажеттілікке айнала қоймаған инновациялық жоба еді. Бірақ қордың көрегендігі нәтижесін берді. 2000 жылдары азаматтық белсенділік артты. Ал қазір бұл тақырыпта, осы бағыттағы жобалар да қайтадан өзекті бола бастады. Тек қолдану бағыты өзгерді. Бізге енді әдіс-тәсілдерді қайта қарап, заманға сай өзгерту керек. Өркениетті азаматтық белсенділіктің жаңа қырын – жаңа сынақты табу керек. Өйткені мемлекет өзгерді, біз де өзгердік.

Бұған қоса, біз Сорос-Қазақстан қорымен бірлесе отырып, әлеуметтік қызмет стандарттарын әзірлеуде бастамашы болдық. 2005 жылы алғашқылардың қатарында ҰЕҰ қызметін стандарттауды қолға алдық. Мұндай ұйымдар көп жақсылық жасайтындықтан, олардың жұмысын жоғарыдан келген тылсым күшпен байланыстыратындар бар. Мұндай түсінік дұрыс емес.

Шын мәнінде көптеген ҰЕҰ қызмет көрсетумен айналысады және олар мұны, ең әуелі, әлеуметтік әлсіз топтар үшін жасайды. Сол себепті қызмет көрсетудің сапасы мен жоғары стандарттарын сақтау маңызды.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ҚҰРЫЛҒАНЫН БІРЕУ БІЛСЕ, БІРЕУ БІЛМЕС. ЖОБА ЕҢ АЛҒАШ ӨСКЕМЕНДЕ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКЕН ЕДІ. ЖАЛПЫ, КӨПТЕГЕН МАҢЫЗДЫ ИННОВАЦИЯ ДӘЛ ОСЫ ҚОРДА БАСТАЛДЫ



Біз Сорос-Қазақстан қорымен бірге осы бағытта жұмыс істей бастадық. Қазіргі қолданыстағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттары – белгілі бір дәрежеде біздің ҰЕҰ қызметін ретке келтіруге бағытталған алғашқы әрекетіміздің көрінісі. Бәрі керемет дей алмаймыз, өйткені көптеген ұсыныс қабылданбады. Дегенмен іргесі қаланғанын мойындау керек.

Сорос-Қазақстан қорының Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың құрылуына қосқан үлесін қайта бағалау қиын. Өйткені жағдай өзгеріп, барлығы үкіметтік емес ұйымдарды дамытумен айналыса бастаған кезде Қор қолдау бағдарламаларын тоқтатты. Біз де бұл бағытта күш жұмсаудың мәні жоқ деген қорытындыға келдік. Сүйікті жобамызбен қоштасу қиын болды, бірақ бұл дұрыс қадам еді. Ал Қор көп ұзамай жас зерттеушілердің әлеуетін арттыруды қолға алды. Бұл балама жоспар емес, көреген әрі дана жаңа шешім болды. Енді олар бір ұйымға емес, бүкіл қоғамға пайда келтіретін жеке тұлғаның әлеуетімен жұмыс істеуді қолға алды.



# ЖАЛҒАСТЫРУҒА ДАЙЫНБЫЗ

«Ашық қоғам» қорларының төрағасы және құрылтайшысы  
Джордж Сорос мырзаға

## Құрметті Сорос мырза!

«Аман-саулық» үкіметтік емес ұйымы Сорос-Қазақстан қорымен (СҚҚ) 2007 жылдан бері белсенді түрде ынтымақтаса жұмыс істеп келеді. Содан бері СҚҚ қолдауымен науқастардың құқығын қорғау, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге мониторинг жасау, ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің бюджет шығыны ашықтығы, паллиатив қызметінің дамуы саласында 21 жобаны жүзеге асырдық. Олар енді ғана пайда болған азаматтық қоғамның қалыптасуына, адам құқығының қорғалуына, әлеуметтік әділдік принципінің ілгерілеуіне, медициналық көмек пен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің қолжетімді болуы мен сапасының жақсаруына, бәрінен бұрын Қазақстан Республикасындағы халықтың әлеуметтік жағдайы төмен бөлігіне зор үлес қосты.

СҚҚ-ның Қазақстандағы 25 жылы – Қазақстанның үкіметтік емес сектормен сәтті де жемісті серіктестік пен ынтымақтастық тарихы, елдегі азаматтық қоғам құрудағы маңызды жетістікке толы жылдар. Осы 25 жылда еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі сияқты түрлі саласында инновациялық, әлеуметтік маңызы бар жобалардың жүзеге асырылуы арқасында СҚҚ Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасып, дамуы, ақпараттың қолжетімді болуы, ашықтық пен есептілік, заң үстемдігі мен адам құқықтарына негізделген елдегі ашық қоғам құру үшін көп еңбек сіңірді. Нәтижесінде еліміздің азаматтары өзін құқығы мен міндеті бар азамат ретінде сезіне бастады. Азаматтық сектор өсті, ол қоғам өмірінің белсенді қатысушысына айналды. Ал Қазақстан толерантты қоғамға бет бұрып келе жатыр.

СҚҚ-ның 25 жылдығына шын жүрекпен құтты болсын айтамын. Сізге және СҚҚ командасына әрі қарай да шығармашылық жетістіктер мен шабыт тілеймін, жаңа қызық жобалар мен іс-шаралар көбейе берсін. СҚҚ серіктесі ретінде СҚҚ жасаған жұмыстарды жоғары бағалайтынымызды және жемісті ынтымақтастығымызды жалғастыруға дайын екенімізді айтқым келеді.

Құрметпен,  
Бахыт Түменова,  
«Аман-саулық» ҰЕҰ президенті, Алматы, Қазақстан

# «МАМА-ПРО», ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**ҚАСЫМХАН ҚАППАРОВ**, ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫ, ЕМСГ КОНСАЛТИНГ КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСҚАРУШЫ СЕРІКТЕСІ ЖӘНЕ EKONOMIST.KZ ИНТЕРНЕТ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ. ҚОРДЫҢ ҚОҒАМ ЕСТІМЕЙТІН ИДЕЯЛАР МЕН АДАМДАРҒА ДЕГЕН АДАЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Сорос-Қазақстан қорының 25 жылдық жұмысы Қазақстанның азаматтық қоғамын дамытудағы маңызды фактордың бірі болды. Қор мәдениет, білім беру мен денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған маңызды жобаларға бар күш-жігерін салды. Қоғамдағы инклюзивтік пен толеранттық сияқты ұғымдарды құрметтеу дағдымызды қалыптастырды. Мұның бәрі тоталитар қоғамнан демократиялық институттарды құруға өту кезеңіндегі мемлекет үшін аса маңызды еді. Әрине, Қордың бастамасының бәрі бірдей сәтті болған жоқ. Бұл негізінен Қазақстанның 2000 жылдан кейін мұнай бағасына арқа сүйеуіне байланысты болды. Соның салдарынан мемлекеттік репрессиялық аппарат күшейіп, өткен ғасырдың 90-жылдарындағы алғашқы демократиялық реформалар саябырлап қалды.

Соған қарамастан, Қор өз принциптеріне адал болып қалды. Ол демократиялық институттардың дамуына және адам өмірінің құндылықтарына баса назар аударады. Қазақстанның азаматтық секторына өзекті, солай бола тұра танымал емес мәселелерді шешуге және халықтың үні жете бермейтін мәселелерді көтеруге көмектеседі.

25 жыл ішінде Қор жүздеген сәтті жобаны жүзеге асырды, олардың ішінде мен үшін «Мама-Про» қоры өте маңызды болды. Қазір мен оның Қамқоршысы қатарындамын. Бұл – Қазақстанда ғана емес, жаһандық деңгейде бірегей жоба. «Мама-Про» ерекше балаларды бағып отырған



аналарға, олардың кәсіби және кәсіпкерлік саласында дамуына қолдау көрсетуге бағытталған. Олар өзін дамытқанның арқасында ерекше балаларының да өмір сүру сапасын жақсартып алады. Осы жобаны іске асырудың арқасында құқығын қорғай алатын, инклюзивтік, кәсіпкерлік және еңбек мәселесіне қатысты жеңілдік алу бойынша Қазақстан заңнамасына қажет түзетулерді алға тартатын қоғамдастық құрылып жатыр.

Былтырғы жылдың ортасында Қормен бірлесе тағы бір маңызды әрі өзекті жоба – Ekonomist.kz жобасын қолға алдық. Бұл – Қазақстандағы экономика тақырыбындағы кәсіби пікірталасқа арналған ашық онлайн алаң. Ресурс күрделі экономикалық құбылыстарды қарапайым, түсінікті тілмен жеткізеді. Жоба авторлары халықтың кірісінің артуы мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету бағытында мемлекет қабылдаған шешімдердің сапасына ықпал ете аламыз деп үміттенеді.

ЕКONOMIST.KZ-ТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ПРОБЛЕМАСЫН ЖАҚСЫ ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСЕТІН ЖӘНЕ ЖАС САРАПШЫЛАРҒА ПІКІР БІЛДІРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН КӘСІБИ ВИРТУАЛ САРАПШЫЛАР ЖЕЛІСІН ДАМУ





# САУАЛЫМ БАР

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНДА ШЫН МӘНІНДЕ ШЕШІМДІ КІМ ҚАБЫЛДАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ

**Б** 35 жыл бұрын америкалық филантроп Джорж Сорос Венгрияда «Ашық қоғам» қорын құрды, бұл үкіметтік емес қайырымдылық ұйымы бүкіл әлемдегі осындай қорлар желісінің негізін қалады. 1995 жылы Сорос-Қазақстан қоры Еуразия жүрегінде орналасқан жас тәуелсіз республика – Қазақстандағы қызметін бастады. Осы уақыттан бастап миллиардер қордың жергілікті бөлімінің жұмысына қатысты

барлық шешімді өзі қабылдайды деген түсінік қалыптасқан. Шындықтан алыс бұл теорияның аса радикал емес жақтаушылары соңғы сөзді Джорж Соростың өзі болмаса да, айналасындағылардың бірі, яғни көпшілік қауымға бейтаныс америкалық азаматтар айтады деген сенімдеріне берік. Мұндай пайымдауға (олардың тым кең тарағанына қарамастан) іс жүзінде ешқандай негіз жоқ.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫНЫҢ ҚАНДАЙ ҚҰҚЫҒЫ БАР?

«Ашық қоғам» қоры құрылтайшысының құзырет аясы аса кең емес. Желінің орталық кеңсесі әкімшілік басшыны және СҚҚ Қамқоршылар кеңесі төрағасын бекітеді. Қамқоршылар кеңесін жаңарту қажеттігі туындаған жағдайда құрылтайшы кеңестің қазіргі мүшелерімен ақылдасып, жаңа мүшелерді тағайындайды.

Қандай да бір өтінімді қарастыру кезінде, Қамқоршылар кеңесінің мүшесі мүдделер қақтығысы туралы хабарлаған жағдайда, құрылтайшы соңғы сөзді айта алады. Мұндай жағдайда бейтараптық сақтау мақсатымен орталық кеңсе кеңестің шешімін бекітпеуіне болады.

Оған қоса, құрылтайшының СҚҚ-ға цикл аяқталмастан бұрын қазіргі стратегияны қайта қарауға ұсыну құқығы бар. Жаңартылған стратегия мен бюджет орталық кеңсе тарапынан мақұлдануға тиіс. Бірақ СҚҚ құрылтайшысынан ешбір қоғамдық мәлімдемеге қатысты және қаржыландырылатын өтінімдерге қатысты рұқсат сұрамайды.



### ГРАНТТАРДЫ КІМ БЕРЕДІ?

Қорға қойылатын ең көп сұрақ: гранттарды беру туралы шешімді кім қабылдайды және оларды кімге береді? Грант алушылардың құрамы әр кезде әртүрлі. Оған көз жеткізу үшін қордың ресми сайтындағы СҚҚ бөлген гранттар туралы есепті оқу жеткілікті.

СҚҚ қызметкерлері шешім қабылдау процесіне қатыспайды. Серіктестерді қаржыландыру туралы шешім қабылданып қойған соң, жоба үйлестірушілері мен гранттар жөніндегі менеджер жобаларды басқаруды жүзеге асырады. Күнделікті қызметіне қоса, олар стратегияның өз жауапкершілігіне жататын бөлігін құрастырады, бюджет жасайды және ықтимал даму жолдарын анықтайды.

Осы орайда барлық қызметкердің адам құқықтары мен ашық қоғам құндылықтарына беріктігін атап өткен жөн. Ал өзге мәселелерге қатысты әркімнің жеке көзқарасының болуы сөзсіз. СҚҚ еңбек құқығын жүзеге асыруда ешқандай дискриминацияға жол берместен Қорда жұмыс істеуге бәріне тең мүмкіндік береді.

Өтінімдерді бағалау және шешім шығарумен Сарапшылар комитеті айналысады. Әр бағдарлама мен бастаманың сала бойынша жоғары білікті үш маманнан тұратын өз Сарапшылар комитеті бар. Қалың көпшілік тарапынан манипуляция мен қысым болмауы үшін олардың есімдері жарияланбайды.



### ОБЪЕКТИВТІЛІК ҚАЛАЙ САҚТАЛАДЫ?

Сарапшының Қормен жасаған келісімі бойынша, олар бұл қызметті бір комитетте 2 жылдан артық атқара алмайды.

Сарапшылар комитеті мүшелерін тұрақты алмастырып отыру шешім қабылдау кезіндегі объективтілікке ғана емес, Қорға жаңа идеялардың келуіне де септігін тигізеді. Сарапшыларды таңдау жауапты процесс, СҚҚ оған ерекше мән береді. Ол әдетте бірнеше аптаға созылады, Қамқоршылар кеңесі мүшелері бұл уақытта үміткерлерді қызу талқылайды. Негізгі қиындық маңызды лауазымға кәсіби маманды ғана емес, ашық қоғам мен құқықтық мемлекет қағидаларына да берік, СҚҚ-ның мақсаттары мен міндеттерін анық түсінетін, белсенді қоғамдық ұстанымы бар және ұжыммен жұмыс істеуге қабілетті адамдарды бекітуде туады.

### ҚҰҚЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Ендеше, шешім қабылдау жүйесіндегі Қамқоршылар кеңесінің рөлі қандай? Қамқоршылар кеңесі Қазақстан азаматтарынан тұратынынан бастайық. Стратегиялық көзқарас тұрғысынан ол Қордың ұзақмерзімді саясатын анықтайды, операциялық тұрғыда ұйымның тиімді, адал және қаржылай сауатты қызмет етуін қадағалайды. Соңғы қызметті жүзеге асыру үшін Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің қандай да бір грант жобасының мақсатқа сәйкестігіне немесе асыра жазылған бюджетіне қатысты күмәні болса, Сарапшылар комитетінің шешімін бекітпеуіне болады.







### БӘРІ ӘДІЛЕТТІ

Шешімдер қабылдау кезінде ашықтықты қамтамасыз ету рәсімдерінің маңызы жоғары. Сарапшылар комитеті мүшелері де, Қамқоршылар кеңесі мүшелері де (Қорда өтінімдерді мақұлдаудың екісатылы жүйесі бар) жиналысқа дейін үміткер жобаларды өтінім берушілердің атауы/аты көрсетілмеген күйде қарас ырады. Дәл осындай жүйе таңдау барысында тек өтінімнің сапасы мен оның Қордың стратегиясына сәйкестігіне назар аударып, бейтарап шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жыл сайын Қордың барлық қызметкері, Қамқоршылар және Сарапшылар кеңесінің мүшелері СҚҚ-мен серіктес немесе қандай да бір пайда көретін отбасы мүшелері, туыстары мен достары жайлы ақпарат беретін арнайы сауалнама толтырады.

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ИДЕАЛДАР

Осылайша, ашық қоғам құндылықтарын алға тартатын Қордағы шешімдер қабылдау жүйесі оның идеалдарына толық сәйкес келеді. СҚҚ ішкі құжаттарында бекітілген рәсімдер бізді ашық қоғам институттарына жетелейді, ал олар тепе-теңдік жүйесін қатаң сақтайды. СҚҚ тәжірибесі көрсеткендей, билікті ешкім заңсыз тартып ала алмайтын, тараптар бірлесіп ымыраға келетін жүйе утопия емес, демек, Қазақстан қоғамының бұл бірегей тәжірибені көптеген өзге қоғамдық процестерге таратуға нақты мүмкіндігі бар.

# ЖАҢА ЗАМАН МИФТЕРІ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 25 ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ, АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЕСЕПТІЛІГІ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН АЗ ҚАМТЫЛҒАН ТОПТАРДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ГРАНТТАР ТҮРІНДЕ 100 МИЛЛИОН АҚШ ДОЛЛАРЫ. ОҒАН ҚОСА, СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ТУРАЛЫ ЖҮЗДЕГЕН ФЕЙК, ТЕОРИЯ, МИСТИФИКАЦИЯ. БІЗ ОЛАРДЫҢ ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІНІН ЖИНАП, ТАЛДАУ ЖАСАДЫҚ



## «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ СОРОС ҚОРЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫП ОТЫР»

**ЖАЛҒАН** Қазақстан заңдары бойынша, барлық үкіметтік емес ұйым жаратқан әр теңгесінің есебін береді (шынында да солай), ал олардың шотындағы кез келген траншты барлық бақылау қызметі қарай алады. Оның үстіне, Сорос-Қазақстан қоры сайтынан жалпы жылдық есепті ғана емес, қазіргі барлық грант туралы, қашан, қанша, не нәрсеге бөлінгені жайындағы толық ақпаратты табуға болады. «Ашық қоғамның» саясаты осындай. Онда ешқандай революция жоқ.

Олай болса, бұл фейктің неге жаны сірі? Мәселе негізгі аудиторияның ашық тұрған ақпаратты іздейтін әдеті қалыптаспауында. Ал сыртқы жау туралы миф қазіргі «күрт оңға бұрылған» әлемде өте танымал. Чехиядан АҚШ-қа дейін. Мұндай насихат нарративтерді негізінен сарапшы ұйымдарға сілтеме жасай отырып, автократиялық елдердің бұқаралық ақпарат құралдары таратады. Мысалы, Грузияда қаржыны астыртын Ресейден алатын, негізінен қастандық теориясына негізделген жазбаларды тарататын ақпарат құралдары бар.

*Қызық лингвистикалық дерек:* қаржы наразылығы туралы баяндалатын нарративтерге байланысты 1990 жылдардың басынан бастап пайда болған «соросыя» сөзіне «соросоводы» сипаттамасы қосылды. Біздің зерттеп білуімізше, Қазақстанда бұл сөздер Central Asia Monitor газетінің арқасында (негұрлым көп адам оқыды) пайда болды.



## «СОРОС ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ГОМОСЕКСУАЛИЗМДІ НАСИХАТТАУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ»

**МАНИПУЛЯЦИЯ** Бүкіл әлемде «Ашық қоғам» әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарды қолдайды, олардың арасында ЛГБТ қоғамдастық өкілдері де бар. Оған қоса, қор мүгедектігі бар, жазылмайтын ауруға шалдыққан адамдарды да қолдайды («Ашық қоғам» қорының жазылмайтын ауруға шалдыққан адамдарға күтім жасауға назар аударуы 2013 жылы Қазақстан үкіметінің Паллиатив көмектің ұлттық стандарттарын құруына ықпал етті), кәмелет жасқа толмағандар проблемасымен айналысады және әйелдер проблемасын зерттеуді қолдайды. Қаржы берілетін барлық іс-шара, зерттеу мен зерттеуші туралы ақпарат онымен танысқысы келген кез келген адам үшін ашық және қолжетімді.

Қорытынды: бұл нарративтің түбінде, өкінішке қарай, кәдімгі гомофобия жатыр. Орталық Азияда көп кездесетін дәстүрлі стереотип тұтқыны болып отырған адамдарда «ашу» туғызуға өте ыңғайлы құрал. «Пушкин–Құрманғазы» туралы жанжалдан соң бүтіндей халықаралық жарнама агенттігінің Қазақстанмен жұмысты тоқтатуға мәжбүр болуы – соның бір дәлелі. Бақытымызға орай, Ресеймен салыстырғанда Қазақстанда «гомосексуализмді насихаттау» туралы заң жоқ. Дей тұрғанмен Қазақстан саясаткерлері солтүстіктегі көршімізге қарағанда либерал екені рас.

*Дерек:* «Пушкин–Құрманғазы» ісі бойынша Navas жарнама агенттігі үстінен іс қозғауға шын жарнамаға арналмаған, жарнамашылар байқауы үшін жасалған постер себеп болды.



### «СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ВАШИНГТОН МҮДДЕСІНЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ»

**ЖАЛҒАН** Бұл – Соросқа қарсы ең көп таралған нарративтің бірі. Солай бола тұра, «Вашингтон мүддесі» дегеннің не екені, олар нақты қай аймақта қандай екені әдетте нақтыланбайды. Ал Джордж Соросстың кім екені, оның АҚШ-тағы қызметі қандай екені туралы ақпарат мәтіннен түсіп қалады. Әйтпесе, Джордж Сорос туралы алғашқы фейктің бірі АҚШ-тан шыққан. Трамп туралы айтар болсақ, республикалықтар оған, жұмсартып айтсақ, сақтықпен қарайды, тіпті даулы көзқарас деуге болады. Ал тым оңшылдар оны жек көреді.

*Дерек:* 2017 жылы АҚШ-та Ақ үйдің сайтында жарияланған Джордж Соросқа қарсы петицияға 9 мыңға жуық адам қол қойды. Петиция авторлары Джордж Соросы террорист деп жариялауға шақырды.



### «СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫН АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТІ БАСҚАРАДЫ»

**ЖАЛҒАН** Бұл алдыңғы нарративті әшкерелеуден-ақ айқын болып тұр. Қор барлық қызметінде өз принциптеріне берік, бұл көбінесе АҚШ Мемлекеттік департаментінің ресми ұстанымына сәйкес келмейді. Бір қызығы, бұл нарратив салыстырмалы түрде бертінде пайда болды. 15 жыл бұрын посткеңестік кеңістікте Сорос қорларын, Нівос қорын және Британ кеңесін шатастыратындар аз еді. Қазір мұндай шатаасуды әр жерден кездестіруге болады, әсіресе 2019 жылғы насихат жарияланымдарында қатты байқалады.

Фейк Вашингтон немесе Мемлекеттік департамент әрқашан кез келген зұлымдықты тарата алады деген мифке негізделген. Басқа елдерде адамдар көбіне жергілікті проблемаларына мән береді, олар, мысалы, Германия канцлерінің қызметі қандай екеніне, АҚШ президенті не нәрсеге тікелей қысым жасай алатынына назар аудара бермейді. Біз кейде тіпті өзіміздің мәслихат депутаттарының аты-жөнін білмейміз. Сонымен бірге USAID ұйымы Қазақстандағы, жалпы Орталық Азиядағы АИТВ алдын алуға қаржы бөліп жатқанын да білетіндер аз. Ал жүздеген жас зерттеуші «Ашық қоғам» гранттары арқылы ғылымға үлес қосуға мүмкіндік алып жатыр.

*Дерек:* Сорос-Қазақстан қорының қодауымен Қазақстандағы 1930-1940 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін тарихы, қуғынға ұшырағандар мен олар туралы қазіргі Қазақстан қоғамының пайымын көрсететін «Жадыңнан өшпес» монографиясы жарық көрді.



### «КӨП ЕЛ «АШЫҚ ҚОҒАМ» ЖҰМЫСЫНА ТЫЙЫМ САЛАДЫ»

**ЖАРТЫЛАЙ ШЫНДЫҚ** Бұл жерде жартылай шындық «көп» сөзіне қатысты. Дегенмен алаңдау байқалады. Авторитариялық елдердің біразы ҰЕҰ қызметін заң жүзінде шектейді (оның ішінде «Ашық қоғам» қоры да бар), Сорос қорының елде болғанын «ұната қоймайтынын» мойындайды және/немесе оның жабылуына ықпал етеді. Осылайша, «Ашық қоғам» Беларусь Республикасында – 1997 жылы, Өзбекстанда – 2004 жылы, Әзербайжанда 2014 жылы жұмысын тоқтатты, ал Ресейде 2015 жылы қажетсіз ұйым деп айтылды (ТАСС келтірген мәлімет бойынша, 15 жылда елге 950 миллион доллар салғанына қарамастан). Қалай болғанда да, Қордың жабылуы немесе жұмысы шектелуі негізінен аса демократиялық емес елдерге қатысты болды.

*Дерек:* ВВС мәліметі бойынша, 2019 жылдың соңында Джордж Сорос пен оның қоры қайырымдылыққа жұмсаған қаржының жалпы көлемі 32 миллиард долларға тең болды.



# ТРАНСФОРМАЦИЯ ПРОЦЕСІ

**ШОЛПАН ӘЙТЕНОВА**, ҚОҒАМДЫҚ САЯСАТ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ САРАПШЫСЫ. СОНЫМЕН БІРГЕ, ТИІСТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАР МЕН СТАНДАРТТАРДЫ НАСИХАТТАУШЫ



Сорос-Қазақстан қоры – елімізде ұзақ жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қайырымдылық қорының бірі. Тәуелсіздігімізден сәл «кіші». Қордың қызметі Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуына үлес қосты десек, асыра айтқандық емес. Сорос-Қазақстанның стратегиясы мен қызмет бағыты әрқашан уақыт талабына сай болды. Қор елдегі мәдениет және денсаулық сақтау саласының, адам құқығы мен тәуелсіз баспасөздің дамуына үлес қосты.

Ұйым уақытпен бірге өзгеріп отырды. Жобалардың да саннан сапаға көшкенін байқаймыз. «Пікірсайыс орталығы» мен «Еріктілер үйі» сияқты жаппай оқыту орталықтарынан бастап, кейін жекелеген желілер мен коалицияларға қолдау көрсете бастады.

Осы жылдар ішінде өңірлерде де көптеген жоба жүзеге асты. Сорос-Қазақстан қорының жұмысы Алматымен, астанамен шектелген жоқ, шалғайдағы ауылдарға да жетті. Қор қоғамдағы өзекті мәселелерге орай өзгеруге бейім болды, әлі де осы бағытта қызмет етіп келеді. Бұған қоса, стратегиясының маңызды бағыттарын тауып жүр. Кейбір міндеттерді жүзеге асыру әлі күнге дейін күрделі күйінде қалып отырғанын да мойындау керек. Менің ойымша, бұған жобаларды институттау және олардың тұрақтылығы проблемасын жатқызуға болады. Өкінішке қарай, бұл тек Сорос-Қазақстан қорына ғана емес, бүкіл қоғамдық секторға тән мәселе.

Азаматтық сектордың алдында әлі де бірқатар маңызды міндеттер тұр. Соның ішінде ұйымның және бастамалардың өміршеңдігі, тәуелсіз болуы,

олардың қаржы көздерін әртараптандыру, процесстерге конструктивтік жолмен әсер ету, болашақта орнын басатын маман дайындау, уақытқа сай өзгеру, технологияларды игеру, инновацияларды енгізу міндеттері бар.


Сорос-Қазақстан қорының тарихы терең, жетістігі де мол. Волонтер болу жаппай сәнге айналмай тұрған 1998 жылы ашылған «Еріктілер үйі», мыңдаған дебатар шыққан «Ұлттық пікірсайыс орталығы» сияқты жобаларды еске алудың өзі бір ғажап. 2004 жылы «Тараз бастама орталығы» үкіметтік емес ұйымы Тараздағы Комсомол көлін тазарту бойынша қоғамдық тыңдау өткізуге қол жеткізді. Тыңдау нәтижесінде бюджеттен қаржы бөлініп, көл мен жағалау қаланың ажырамас бөлігіне айналды. Атбасардағы «Ангел» қоғамдық бірлестігі ауысу бағдарламасына мониторинг жүргізді. Бұл қордың қолдауымен жүзеге асқан жобалардың бір парасы ғана. Кейінгілерден «Training-кафені», паллиатив көмек беру жобаларын, қалалық бастамалар мен жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын, мемлекеттен ақпараттық тапсырыс алатын ақпарат құралдарының базасын құруды, әртүрлі сала мамандарына арналған гранттарды айтуға болады.

Сорос-Қазақстан қорының басты артықшылығы – қызметінің айқындығы. Гранттары мен жобалары туралы толыққанды ақпарат жариялайтын қорлар кемде-кем. Қор басшылығының жиі ауысып отыруы да маңызды. Әйтпесе, директорлары он жылдам астам уақыт бойы өзгермеген қорларды да білемін. Қордағы жағдайды бақылауда ұстап, тепе-теңдікті сақтауға жауапты Қамқоршылар кеңесі бар. Кеңес үнемі жаңарып отырады және оған белгілі қоғам қайраткерлері шақырылады.

Бір кездері Қордың Қамқоршылар кеңесі құрамында Марат Тәжин, Нұрлан Ерімбетов, Евгений Жовтис және Аида Досаева болғанын біреу білсе, біреу білмес. Басқарудың мұндай құрылымы Қорға деген сенімді арттырады. Өйткені ешкімді аламай, объективті шешім қабылданатынына сенім бар.

Өзім Сорос-Қазақстан қорымен көп жылдан бері жұмыс істеймін. Біздің әріптестігімізге шамамен 15 жыл болды. Бірлескен жұмысымыз негізінен мемлекеттік қаржының ашықтығы мен есептілігі бағытында болды. Мемлекет те, басқа донорлар да бұл мәселеге енді ғана назар аудара бастағанын атап айтқан жөн. Осы жылдар ішінде Қормен бірлесе отырып, бюджетті талдау, бюджет туралы неғұрлым көп ақпарат беру, бюджеттің

ашықтығын қамтамасыз ету бойынша заңнамалар мен бастамаларды қолға алып, бірқатар жобаны жүзеге асырдық.



OPEN BUDGET FELLOWSHIP ТҮЛЕКТЕРІ МЕМЛЕКЕТПЕН КӘСІБИ ДИАЛОГ ОРНАТУҒА ҚАБІЛЕТТІ, БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІН ЖАҚСЫ БІЛЕТІН МАМАНҒА АЙНАЛДЫ

Қормен бірлесе отырып жүзеге асырған маңызды жобаның бірі – 2018-2019 жылдардағы Open Budget Fellowship жобасы. Жоба екі-ақ жылға созылғанына қарамастан, өте табысты болды. Open Budget Fellowship бюджет процесінің барлық кезеңін қамтыды және азаматтық қоғамның бюджетке қатысуына мүмкіндік берді. Жобада әр қатысушы бюджетке шағын зерттеу жүргізді.

Open Budget Fellowship қатысушылары жеңіл рельсті көлік (ЛРТ) жобасы, ғылымды мемлекеттік қаржыландыру, қоғамдық көлік және басқа да салалардағы бюджетке қатысты проблемаларды мемлекеттік органдардан бұрын анықтады.



# БӘРІ ЕНДІ БАСТАЛАДЫ

**ӘДІЛ ДЖАЛИЛОВ**, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ MEDIANET ЖУРНАЛИСТИКА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, МЕДИАТРЕНЕР. ДҰРЫС ОЙЛАУ, БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАУ МЕН «ДОНОР – ГРАНТ АЛУШЫ» ЖҰМЫСЫНДАҒЫ БЮРОКРАТИЯ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЕҢ ОРЫНДЫ ТҮРІ ТУРАЛЫ

САРАПШЫЛАР ӨТІНІШ БЕРУШІ ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫН КӨРМЕЙДІ, ӨТІНІШТІҢ САПАСЫНА ҒАНА НАЗАР АУДАРАДЫ. МҰНДАЙ ПРОЦЕДУРАЛЫҚ «БАСҚАТЫРҒЫШ» – МЕН КӨРГЕН БЮРОКРАТИЯ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ОРЫНДЫСЫ

Сорос-Қазақстан қорының жұмысын, оның елдегі ролі мен қоғамның дамуына қосқан үлесін бір ауыз сөзбен бағалау мүмкін емес. Бұл Қор болмағанда, Қазақстанның қандай болатынын елестетудің өзі қиын.

Мысалы, елімізде осы уақытқа дейін көптеген министрлік жұмыс істеген сияқты, олар неше рет атауы мен құрылымын өзгертті. Бірақ солардың көбі есімізде қалған жоқ. Кейбірі түгелдей, кейбірі жартылай сәтсіз мемлекеттік бағдарламалар болды. Қазір тек архивте қалған сол бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бюджеттен қыруар қаржы бөлінген еді.

Осы тұрғыдан алғанда, филантроп Джордж Сорос қаржыландыратын Сорос-Қазақстан қоры елге, қоғамға маңызды жобаларға, барлық салаға айтарлықтай көмек берді, саналы, белсенді және қоғам өміріне бей-жай қарамайтын ұрпақ қалыптастырды.

Кез келген жұмыс істеп тұрған белсенді ұйым сияқты, бұл Қордың да сәтті жобаларымен қатар, сәтсіздігі де бар шығар. Бірақ Сорос-Қазақстан қорын бұлай бағалау қиын. Оның жұмысы азаматтық қоғамды дамытуға, реформаларға, белсенді азаматтар мен ҰЕҰ бастамаларын қолдауға бағытталған. Біздің



елде бұл – сәтсіздікке ұшырайтын жұмыс. Бізде статус-квоны сақтау мен жағдайды ушықтырмаудың өзі – жетістік.

Мәселен, мемлекеттік жүйе кез келген реформаны жақтырмаса, оған бірден қарсы шықса, адам құқығының сақталуына, заңнаманы либералдандыруға қалай қол жеткізуге болады? Бұл смартфонға арналған сервисті қарапайым телефонға орнатуға тырысқанмен бірдей нәрсе. Соған қарамастан, Қордың қолынан келетін нәрсе көп екені таңғаларлық.

Сорос-Қазақстан қорының тек жобаларға қолдау жасайтынын естен шығармау керек. Ары қарай оны грант алушылар жүзеге асырады. Қордың тағы бір ерекшелігі – стратегиялық шешімді Қамқоршылар кеңесі қабылдайды, ал нақты жобаларды қолдау бойынша шешім қабылдау Сарапшылар кеңесінің еншісінде (екі құрылым да Қазақстан азаматтарынан құралады). Бұл – Қорды басқалардан ерекшелейтін басты нәрсе. Әрі біздің елімізде бұған құрметпен қарайды.

Біз Қормен 2005 жылдан бері арасында үзіліс салып, жұмыс істеп келеміз. Қор бірде жобаларымызды қолдаса, тағы бірде қолдаудан бас тартты. Бұл, әрине, табиғи нәрсе. Оған қоса, мен екі жыл

Сорос-Қазақстан қорының Қамқоршылар кеңесінде болдым. Процедураның бәрін көріп, олардың тепе-теңдікті сақтайтынына көз жеткіздім, мен үшін жақсы тәжірибе болды.

Кейінгі жылдары Қор біздің Factcheck.kz жобасын қолдап келеді. Біз Орталық Азияда алғашқы болып ақпараттың рас-өтірігін тексеру ресурсын аштық. Бұл – өте керек жұмыс, пандемия кезіндегі шексіз ақпарат ағыны мұндай жобаның өзекті екенін тағы бір дәлелдеді.

Осы жылдар ішінде азаматтық қоғамда ұрпақ ауысу мәселесі өзекті болды. Құқық қорғаушы аға буын өкілдерінің жинаған тәжірибесі мен білімі жаңа технологияларға ілесе алмады. Жаңа ұрпақ, керісінше, ширақ әрі технологиялық тұрғыдан дамыған. Бірақ аға буын сияқты оларда сараптама багажы жоқ. Қор ұрпақтар арасындағы «көпір» болып, конструктив симбиозды қамтамасыз етсе деп тілеймін. Бұл бағыт жемісті болуы мүмкін.

Фильмдегі цитатаны сәл өзгертіп айтсақ, «25 жаста өмір енді басталады». Сорос-Қазақстан қорын негізгі принциптер мен құндылықтарға сүйене отырып, ізгі істі тынбай жалғастыру бағытында қыруар жұмыс күтіп тұр.





# «ШЕҢБЕР ШЕГІНДЕГІ» ӨНЕР

**ВАЛЕРИЯ ИБРАЕВА**, ӨНЕРТАНУШЫ. ҚОРДАҒЫ ЖҰМЫСЫ, СОРОС-АЛМАТЫ ЗАМАНАУИ ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДЖОРДЖ СОРОСТЫҢ ПЕРФОРМАНСЫ ТУРАЛЫ

С

Сорос-Қазақстан қорының идеясын құрметтеймін және оған шын жүректен сенемін. Халықты кеңестік кездегі ойлаудан Карл Поппер философиясынан бастау алатын жаңаша ойлауға көшу процесіне бейімдеу маңызды міндет болды. Бастапқыда Қор зауыт сияқты таңғы 9-дан түнгі 12-ге дейін жұмыс істеді. Ал Қордың үйлестірушісі көздеген межеге жету үшін бүкіл интеллектуалдық күш-қуатын жұмсауға тиіс еді.

Жаңаша дағдыларды үйренуге және қабылдауға тура келді. Соның өзі қызық болатын. Ол кезде ойындағы жобанды жүзеге асыр деп жайдан-жай ақша бере салатынына сенбейтіндер көп еді. Халықтың сеніміне ие болудың өзі оңай болған жоқ. «Орталық барлау басқармасына жұмыс істейсіздер ме?» деген сұраққа да етіміз үйреніп кетті. Сорос-Алматы заманауи өнер орталығын қоса есептесем, Қорда 14 жыл жұмыс істепмін. Осы 14 жылда, өте шебер жасырынып алған болмаса, бірде-бір Орталық барлау басқармасының қызметкерін көрмеппін. Есесіне, өзіміздің қауіпсіздік комитетінде істейтіндерді кездестірдім.

Мәдениет пен өнердің жағдайы бұрынғыдан бетер қиындай түсті. 1996 жылы «Шығармашылық бастамаларды қолдау» деп аталатын аты да, заты да түсінікті бағдарламаны сынақ түрінде іске қостық. Көп өтініш түсті. Сарапшылар кеңесі аянбай еңбек етті. 15-ке жуық жоба қаржылай қолдауға ие болды. Одан кейін баспа ісі мен мәдениетті тоғыстыратын «Сорос-Қазақстан-Дебют» жобасын қолға алдық. Қатысушылардың жасына шектеу қойған жоқпыз. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі он жылда кітап шығару мүмкін емес еді, ал кеңестік кезеңде Орталық Комитеттің «батасын» алмағандар тіптен шығара алмайтын. Сондықтан жасы 90-ға келген адам да әдебиетте алғашқы қадамын жасай алатындай байқау ұйымдастыруды көздедік. Сол байқауда жеңімпаз болғандардың бәрі дерлік қалыптасқан жазушыға айналды. Олардың қатарында Дидар Амантай, марқұм Игорь Полуяхтов, Юра Серебрянский бар.

Сорос-Алматы заманауи өнер орталығын құруға не түрткі болды? Біріншіден, өнертанушы

ретінде суретшілерге «қызмет етемін» деп ойладым. Екіншіден, музыка мен театр саласының маманы болмағаннан кейін бұл саладағы жобалармен жұмыс істей алмайтынымды білдім. Үшіншіден, Соростың заманауи өнер орталығы деп аталатын арнайы мекемелер бар екенін оқып білдім...

Жалпы, бізде заманауи өнер ұғымы XX ғасырдың 60-жылдарынан бастау алады. Тек біздің ол жөніндегі түсінігіміз бұлыңғыр болды. Өнер тарихы туралы оқулықтар Сальвадор Далимен аяқталатын, ал бұл – 50-жылдар. Бұл салада шын мәнінде атқаратын шаруа шаш-етектен еді. Халықаралық сарапшылар келіп, шеберханалар мен галереяларды аралады, суретшілермен сөйлесті. Ақыры Қазақстанда Соростың заманауи өнер орталығы құрылатыны туралы шешім қабылданды. Бұл Орталық Азиядағы осы бағыттағы жалғыз орталық еді. Біз 1998 жылдың мамыр айында ашылдық, ал қарашада Потсдамда өткен заманауи өнер орталықтарының жиынында Сорос барлық орталықты жабатыны туралы мәлімдеме жасады.

Шамам келгенше Соростың логикасын түсіндіріп көрейін. Бірде Эстониядағы заманауи өнер орталығында өткен көрмеде Джордж Сорос ортаға шығып, мүлдем түсініксіз тілде сөйлей бастайды. Қатысушылар басында венгр тілінде сөйлеп жатыр деп ойлаған, сол жердегі венгр мұның өз тілі еместігін айтады. Ал кешкі аста Сорос заманауи өнерді түсінбейтінін, сол себепті өзі ойлап тапқан тілде сөйлегенін айтады, ол осылай перформанс жасаған екен. Сөйте тұра, ол ондаған жыл бойы заманауи өнерге қолдау көрсетті.

Соростың заманауи өнер орталығы желісінде (олардың саны 20-ға жуық болды) дау-дамай өте көп болды. Сол кездегі баспасөзден «Қоқыстан шыққан шедеврлер», «Жалаңаш ерлердің ашық қоғамы» деген тақырыптарды кездестіруге болатын. Менің ойымша, Сорос осындай дау-дамайдан шаршады-ау деймін. Ақыр аяғында үш-ақ орталық қалды. Олар Кишинев, Одесса және Алматыдағы орталықтар еді. «Мәдениет және өнер» бағдарламаларының директоры Соростан осы үш жаңа орталықты қаржыландыруды тоқтатпауды жалынып сұрады десек те болады. Сөйтіп, бізге өзімізді дамытуға үш жыл уақыт берді, бюджет те жылдан-жылға қысқарып отырды. Басында 100 мың, кейін 80 мың бөлінсе, одан кейін 60 мың, ал соңында 40 мың ғана берілді. Қалғаны фандрайзинг еді. Біздің орталық 10 жыл жұмыс істеді. Кейін Қор әкімшілік шығынды ғана төлей бастады. Әрине, мен жанұшыра қаржы іздедім. Бірақ ол кезде кәсіпкерлер әлі қалыптаспаған болатын.

Бізді жаратпайтындар көп еді, жақсы көретіндер де аз болған жоқ. Қордың директорлары бізге жылы да



СОРОСТЫҢ ЗАМАНАУИ ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ ӨНЕРДЕГІ АТЫШУЛЫ, ДАУ-ДАМАЙЛЫ ЖӘНЕ «ШЕКТЕН ШЫҚҚАН» ҚЫЛЫҚТАРЫМЕН ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗІНЕ ҒАНА ТӘН CONTEMPORARY БАР ЕКЕНІН КӨРСЕТТІ

жайлы, көркем әрі интеллектуал ортада әңгімелесу үшін келетін. Коллекционер Ричард Спунер орталыққа жиі соғатын. Пиросмани «Қалада үй болса, ол үйде үстел болса, ал оның үстінде самауыр тұрса...» деп армандайды екен. Біздің орталық сол Пиросманидің арманындай жер еді. Біз сол самауыры оттан түспейтін үйге ұқсайтынбыз. Әрі миссиямызды да орындадық – суретшілерге жоба ұйымдастыруды үйреттік. Он жыл уақытымды осындай «аласапыранға» арнағаным еш өкінбеймін. Әр нәрсе өз уақытымен болғаны жақсы.

Қазір заманауи өнерде жаңашылдық азайды, «шеңберден шығу» тоқтады. Авангард өзіне дейінгінің бәрін жоққа шығаруы керек. Қазір – мойынсұну кезеңі. Ал біздің кезіміз қаһарлы кезең еді. Газеттің жаңа нөмірін үреймен күтетінбіз.

Сорос-Қазақстан қорының басты артықшылығы – кең көлемді сарапшылар желісі мен Қамқоршылар кеңесінің мүшелері болуында. Қор елдегі жағдайды жіті зерттеп, қоғамның «жыртығын» дер кезінде жамауға тырысады. Джордж Сорос менімен жеке кездескенде: «Қазақстанда байлар көп, сөйте тұра бұл елдегі мәдениет пен өнерді неге мен қолдауым керек?» – деген еді.



# ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

ГҮЛНАРА ӘБІКЕЕВА, КИНОТАНУШЫ. ЖАҢА ИДЕЯ ПАРАДИГМАСЫН, КӘСІБИ МАМАНДАР ПУЛЫ МЕН ОЛАРДЫ ТҮСІНУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ДӘУІР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ҚОРДЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ



Сорос-Қазақстан қорында әр бағдарламаның Сарапшылар кеңесі бар. Мен бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсету бағдарламасының сарапшылар кеңесіне мүше болдым. Мұнда жоғарыдан берілетін тапсырма деген түсінік атымен жоқ. Белгілі бір сала бойынша отандық сарапшылар жиналады да, сол сәттегі өзекті мәселелерді саралайды және олардың қайсына қолдау көрсету керектігін анықтайды. Кейіннен мәдениет пен өнерге арналған бағдарламада жұмыс істедім. Міндеттерді өзіміз белгілеп, содан кейін табысқа қол жеткізу үшін стратегияны анықтайтынбыз.

Мәселен, 90-жылдардағы телевизияны, соның ішінде жаңалықтар қызметін алайық. Журналистиканың деңгейін көтеру керек болды. Былай қарасаң, ауқымды міндет. Әрі әңгіме тұтастай телевидение туралы еді. Осы міндеттерді шешу үшін ең қымбат әрі амбицияға толы жоба дүниеге келді.

Біз тренингтер ұйымдастырдық. Қазақстанның он аймағында жұмыс істедік, мықты команда жинадық. Америкадан кәсіби маман, белгілі тележурналист шақырылды. Оның жанына өзімізден екі тәжірибелі журналисті қостық. Бұл команда өтініш жіберген аймаққа барып, жергілікті телеарнаның күнделікті жұмысына араласып кететін. Дәлірек айтқанда, жергілікті түсіру тобы мен біздің тренерлер сюжет түсіруге бірге баратын. Қалай үздік видео түсіруге болады, сюжет құрылымын қалай жасаған жөн, одан қалай қызық оқиға шығаруға болады, монтажды қалай жасаған дұрыс, дыбыспен қалай жұмыс істеу керек, мұның бәрін кәсіби мамандар сюжет түсіре жүріп үйрететін.

1997 жылы Қорда жұмыс істедім. Ол кезде Қорды мәдениет саласының өкілі Мұрат Әуез басқаратын. «Жаңа қазақстандық роман» жобасында жұмыс істеу бақыты бұйырды. Ол кезде қазақстандық роман деңгейін қалай көтеруге болатынын түсінбейтін едім. Кейін қолдан келетін іс екені белгілі болды. Біз қазақша және орысша жазатын жазушылар арасында роман идеясына байқау жарияладық. Алты адам жеңімпаз болды. Олардың қатарында Дидар Амантай мен Илья Одегов (сол кезде 19-ақ жаста) болды.

Сол жылдары Мұрат Әуез басқаратын Сорос-Қазақстан қоры Мәдениет министрлігінің қызметін атқарып жатқандай көрінетін десем, асыра айтпаған болар едім. Қордың қолдауы керемет сезілетін. Бұл бір ғана байқау туралы әңгіме. Жұмыс үстелімдегі папкада грант алуға үміткерлердің жүздеген өтінімі жиналып қалатыны есімде. Біз солардың бәрімен белсенді жұмыс істедік. Олардың біреуі кітап шығарды, енді бірі театр труппасымен сапарға шығуды жоспарлады. Былай қарасаң, ауыз толтырып айтатындай да көмек емес сияқты. Бірақ ол азаматтар үшін бұл өте маңызды көмек болатын.

Басқа ұйымдар көбінесе белгілі бір сала бойынша ғана жұмыс істейді. Ал Сорос-Қазақстан қорының бағдарламалары әрқашан ауқымды болды. Сорос-Қазақстан қорының 25 жылда атқарған жұмысын бағалау өте күрделі. Ұзақ жыл кеңес өркениеті орнаған елде бір сәтте көп нәрсе өзгеріп сала берді. Қор осындай өте қиын кезеңде, дәуірлер тоғысында жұмыс істеді. Идеологиялық өзгеріс жасауға қызмет етті. «Ашық қоғам» неге керек, «демократия» деген не деген сауалдарға Қордың нақты жауабы болды. Мұны біреулер қабылдады, енді біреулер қарсы болды. Соған қарамастан, Қор жаңа қоғамның қозғаушы күшіне айналды.

Өкінішке қарай, Сорос-Қазақстан қорының имиджі үнемі жақсы болған жоқ. Бұл ұйым елді бүлдіріп жатқандарға ақша береді деген әңгіме де тарады. Уақыт бәрін орнына қойды, Қазақстан халқының санасына кім қалай ықпал еткеніне қазір ешкім дауласпайды. Бүгінде кітап шығару, стратегия әзірлеу, білім беру бағытында жұмыс істеп жүргендердің көпшілігі – кезінде Сорос-Қазақстан қорының бағдарламаларына қатысқан адамдар. Нәтиже деген, міне, осы.

СОЛ ЖЫЛДАР  
МҰРАТ ӘУЕЗ  
БАСҚАРАТЫН  
СОРОС-ҚАЗАҚСТАН  
ҚОРЫ МӘДЕНИЕТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ҚЫЗМЕТІН АТҚАРЫП  
ЖАТҚАНДАЙ  
КӨРІНЕТІН

# КЕЗ КЕЛГЕН АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР

**ТАМАРА КАЛЕЕВА**, «ӘДІЛ СӨЗ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ҚОРҒАУ ҚОРЫ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ. ЖУРНАЛИСТЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ, БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК, ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУҒА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР ТУРАЛЫ

Біздің ұйымның құрылғанына 20 жыл толды. Осы жиырма жыл бойы Сорос-Қазақстан қорымен серіктеспіз. Тіпті 1999 жылы ең алғашқы грантты да Сорос қорынан алғанымыз есімде. Осы көмектің арқасында заң қызметін құрып, сөз бостандығына мониторинг жасай бастадық; содан бері бұл екеуі – біздің жұмыстың негізгі бағыттары. Әрине, одан бері серіктестер де, донорлар да көбейді. Дегенмен Сорос-Қазақстан қоры солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі болып қала береді.

Жалпы, Сорос-Қазақстан қоры – ерекше құбылыс. Басты ерекшелігінің бірі – оның Қазақстанда орналасқаны. Бұл оның қызметкерлері жергілікті азаматтық қоғамның проблемаларын, қажеттігін, міндеттерін біледі және үкіметтік емес ұйымдардың қажетіне барынша нақты жауап береді дегенді білдіреді.

Бір мысал келтірейін: БАҚ туралы жаңа заңның қаңқасын жасау үшін Қордың грантын алып, екі жылдық жобаны жүргіздік. Соның арқасында заң жобасының тұжырымдамасын жасадық. Ұлттық сарапшылар мен зерттеушілердің тұжырымын, ұсынысын біріктіріп, тұжырымдаманы жазып шықтық. Бұл 2016 жылы болатын. Ал биылғы көктемде Нұр-Сұлтанда дөңгелек үстел өтті, оған Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері қатысты. Тағы да осы тұжырымдаманы талқыладық. Тұжырымдамаға қазір министрліктің өзі жүгініп отыр. Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен жасалған бұл құжат біздің әрі қарайғы ісіміздің және Қазақстандағы БАҚ жұмысының негізі болатыны қуантады.

Оған қоса біраз уақыт бұрын Әділет министрлігінің Сот-сараптама орталығымен және Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен ұлттық, әлеуметтік, діни араздықты қоздыру бойынша сараптамалық зерттеулер жүргізу әдістемесін әзірледік. Бұл – қазіргі Қазақстан қоғамы үшін өте өзекті мәселе. Себебі, адамдар істемеген қылмысы үшін бас бостандығынан айырылып, ұзақ жылға сотталып жатыр. Себебі не дейсіз бе? Сарапшылар «қоздыру белгілерін» баяғыдай қандай да бір жарияланған мәтіннен іздейді. Ал біздің жаңа әдістеме белгілердің бар-жоғын, олардың қандай



өлшеммен анықталатынын нақтылауға мүмкіндік береді. Маңызды, түсінікті аппарат әзірленді. 2019 жылдың сәуірінде бұл әдістемені Сот-сараптама орталығы бекітті. Сол уақыттан бері сарапшыларға оқыту семинарларын өткізіп келеміз. Бұл семинарлар адвокаттар арасында сұранысқа ие болды, өйткені олардың негізгі қызметі – адамды қорғау. Менің ойымша, бұл әдістеме әлі ұзақ қолданылады.

Қормен бірлесе отырып жасаған жобалардың ішінде ауыз толтырып айтатындары жеткілікті. Мұндай жобалар жыл сайын жүзеге асып жатты деуге болады. Олардың қай-қайсы да әрқашан қоғам үшін ең маңызды саланы қолдауға бағытталды. Соған қарамастан, Қорға қырын қарайтындардың көптігіне қайран қаламын. 25 жыл ішінде Қорға қатысты қаншама жалған пікір жарияланып, мәлімдемелер жасалды. Олардың арасында бұқаралық ақпарат құралдары да болды, мұндаймен де бірнеше рет бетпе-бет келдік. Салық органдарының бітпейтін тексерулерінің өзі неге тұрады?! Оның салқыны бізді де айналып өткен жоқ. Бірақ оның бәрі жеңіспен аяқталды. Қор күш-жігерін аямай жұмыс істейді. Ол әлі де прогрессив өзгерістердің бастауында болады, демократияға бағытталған әрекеттер мен жас азаматтық белсенділерді қолдайды, құқық қорғаушылардың жаңа ұрпағын тәрбиелеуге көмектеседі. Маңыздысы да осы. Қазақстанда мұндай маңызды жұмыспен басқа қандай ұйым шындап айналысатынын білмеймін.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН  
ҚОРЫ БАР  
КЕЗДЕ ЖӘНЕ ОЛ  
ДЕМОКРАТИЯ  
ПРИНЦИПІН  
ҰСТАНЫП ТҰРҒАН  
УАҚЫТТА БҰЛ ҚОР  
АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
ПЕН БОСТАНДЫҚТЫҢ  
НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІНІҢ  
БІРІ БОЛЫП ҚАЛА  
БЕРЕДІ

# ЖУРНАЛИСТ МАМАНДЫҚТЫ ЗЕРТТЕЙДІ

**ӘСИЯ АКИШЕВА**, ЖУРНАЛИСТ, МЕДИАЗКСПЕРТ. 2014-2019 ЖЫЛДАРЫ СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ. КОНСЕРВАТИВ АУДИТОРИЯНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ӨЗГЕРІП ЖАТҚАН ЖАҒДАЙДА ӨЗІН КӘСІБИ МАМАН РЕТІНДЕ ЖАҢҒЫРТУ ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ

Сорос-Қазақстан қорымен алғаш 90-жылдардың соңында таныстым. Қор сол кезде біз сияқты жас журналистерге арнап журналистік зерттеу тетіктері бойынша жаңаша форматта медиатренинг өткізген болатын. Тәлімгерлер мен менторлар ретінде сол кезде осы салада мол тәжірибесі бар Еуропаның кәсіби мамандары шақырылды. Біз үшін бұл таптырмас мүмкіндік, тың тәжірибе еді. Жаһандық медиа индустрияның жаңа трендтерімен танысып қана қоймай, алған білім мен игерген дағдыны оқырманмен жұмыс барысында, яғни кері байланыс орнатуда ұштастыра білуге ден қойдық. Мойындау керек, ол кездегі аудитория айтарлықтай консервативті болатын.

15 жыл өткен соң Сорос-Қазақстан қоры Қазақстан баспасөз клубымен бірлесіп, iMedia Project атты бірегей де өзекті жобаны қолға алды. Мультимедиалық журналистика саласындағы бұл жобаның мен үшін орны бөлек: бұл жобаға ептеп болса да қатысым бар екенін мақтан тұтамын. iMedia мектебінің түлектері бүгінгі журналистикадағы жаңа талаптар мен мүмкіндіктерді игере отырып, журналистика туралы өз көзқарасын өзгерте алды деген сенімдемін. Бүгінгі журналистика газет пен сайттағы мақала немесе ТВ-дағы сюжет қана емес. Журналистика, ең әуелі, жауапкершілікті сезінуді, сыни тұрғыдан ойлауды, сондай-ақ, қазіргідей цифрлық дәуірдің жаңа талаптарына ілесе білуді талап етеді... Елімізде Сорос-Қазақстан қоры жұмыс бастағалы оның бағдарламалары арқасында жаңа сынақ пен жаңа жағдайға бейімделе алған, өздерін жеке тұлға ретінде танытып, өз ісінің маманы ретінде қалыптаса білген бүтін бір ұрпақ өсіп шықты десем, артық айтпаспын. Бүгінде олардың кейбірі мемлекеттік қызметте, кейбірі бизнесте табысқа жетсе, енді бірі медиа тұлға ретінде әр салада маман болып отыр. Қор қолдауымен құрылған жасөспірімдер мен студенттердің дебат клубына қатысушылардың біразы

кейін «Болашақ» бағдарламасы арқылы білімдерін шыңдап, қазір өздерін сөзге шешен, ойы орнықты азамат ретінде танытып жүр.

Қордың арқасында паллиатив көмек беру бағдарламасы, дәрі-дәрмектің қолжетімділігі, инклюзив білім беру және тағы басқа тақырыптарға журналист ретінде тереңірек араласа алдым.

Сорос-Қазақстан қоры көп жыл бойы біздің ақын-жазушылар, музыканттар, кинематографтар сынды шығармашылық интеллигенцияға қолдау көрсетіп келгенін де айта кету керек. Соның ішінде Құрманғазы атындағы консерваторияның Kazakh traditional music атты бірегей жобасы Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен іске асты. Осылайша, архивтегі фонограммалар мен қазақтың фольклор музыкасы, аспапты музыкасы, дәстүрлі музыка мен музыкалық эпостың жаңа жазбасы жинақталған төрт компакт-диск жарыққа шықты.

Қор өз мақсаты мен міндетін қаншалықты орындай алғанын бағалау мен үшін қиын. Десек те, менің ойымша, Қордың арқасында біз, қазақстандықтар, «ашық қоғам» не «азаматтық белсенділік» деген бір қарағанда оңай, сөйте тұра күрделі түсініктерді жатсынбайтын болдық, бұлардан үрейленіп, қашқақтамайтын болдық. Әлбетте, бұл ұғымдар тұрғысында әр дәуірдің философтары мен ағартушылары қалдырған пікір-ой да әралуан әрі қарама-қайшы. Ал біз үшін азаматтық өмірдің қарапайым сипаты, азаматтық қоғамды қалыптастыру механизмдерінің болмауы (посткеңестік мұраның бір белгісі) өткеннің еншісінде қалып барады.

Бүгінгі таңда азаматтық тұрғыдан белсенді болу дегеніміз, ең алдымен, өз елінің, өз халқының тағдырына бей-жай қарамау, қоғам өміріне белсене араласу дегенді білдірсе керек...

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДА ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУДІ ҚОЛҒА АЛУЫМ МЕН ҮШІН НАҒЫЗ СЫНАҚ БОЛДЫ! ОҚЫРМАННЫҢ СҰРАНЫСЫН ӨЗГЕРТУГЕ ТЫРЫСТЫМ. ОЛ ҮШІН ӘУЕЛІ ОҚЫРМАНҒА ІСКЕРЛІК ФОРМАТТЫ ҰСЫНДЫМ





# ОРЫНДЫ ОПТИМИЗМ

**АНТОН АРТЕМЬЕВ**, АШЫҚ ҚОҒАМ ҚОРЫ  
ЕУРАЗИЯ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БӨЛІМШЕ ДИРЕК-  
ТОРЫ, СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ  
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ. ЗАМАНАУИ ӨНЕР ОРТА-  
ЛЫҒЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА НЕ ҮШІН ӨКІНЕТІНІН  
ЖӘНЕ TRAINING-КАФЕ ЖОБАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИ-  
КАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МАҢЫЗЫН АЙТЫП БЕРДІ

ЖОБАНЫҢ ТАБЫСТЫ БОЛАТЫНЫНА ТОЛЫҚ  
КЕПІЛДІК БОЛМАСА ДА, ОҒАН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ –  
СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ. БҰЛ  
ЖЕКЕ ҚОРЛАРДЫҢ АЙРЫҚША ЕРЕКШЕЛІГІ ДЕ,  
ӨЙТКЕНІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҮШІН БҰЛ  
МҮМКІН ЕМЕС НӘРСЕ

Өткен 25 жыл ішінде Қордың азаматтық сектор-  
мен қатар үкіметтегі серіктестермен де жақсы  
іскерлік қарым-қатынас орнатып, сенім қалыпта-  
стыра білгені және оны сақтай алғаны айрықша  
маңызды. Бұл айтуға ғана оңай шаруа. Елде бұл  
уақытта жақсылы-жаманды көп өзгеріс болды.  
Соның бәрінде Қор жаңа сынақтарға төтеп бере  
отырып, мүмкіндіктерді пайдаланды; жаңа бағдар-  
ламаларды іске қосып, кейбірінен бас тартып,  
мемлекетпен бірге қарқынды дамыды.

Мысалы, 2003 жылы мұнай секторынан түсетін  
мемлекеттің табысы ашық болуы керектігі, ал осы  
қаражатты қалай пайдалану қажеттігін мұнай ком-  
паниялары, үкімет және азаматтық қоғам бірлесе

талқылауы керектігі радикал көзқарас болып  
көрінетін. Бүгінде бұл тұжырымның дұрыстығына  
ешкім күмән келтірмейді.

Қордың табандылығына таңданбау мүмкін емес.  
Бұл іспен кәсіби деңгейде айналысатын азамат-  
тық қоғам белсенділерінің арасынан серіктестер  
желісін қалыптастыру оңай болған жоқ. Ал қазір  
желі мүшелері үкімет есебін жасауға қатысады  
және деректерді тексеру тетігін әзірлейді. 2004  
жылы бұлай болуы мүмкін еместей көрінетін, ал  
қазір бұл қалыпты жағдайға айналды.

Кей жобалардың аяқталып қалғанына өкінемін.  
Сондай жобаның бірі – Заманауи өнер орталығы.



## ТОЛЕРАНТТЫҚ, ИНКЛЮЗИВТІК, СЫНИ ПАЙЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ТАРАТЫЛУЫ ТИІС ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сорос-Қазақстан қоры бұл жобаны 10 жыл бойы қолдап келді, бірақ орталықтың қызметін 2000 жылдардың ортасында тоқтатуға тура келді. Біз 10 жыл ішінде елімізде мәдени жобаларды өз бетінше қолдай алатын елде жергілікті филантропия пайда болады деп үміттенген едік (бұл стратегиялық болжам болатын), бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған көп елде солай болды да. Алайда Қазақстанда экономика мен елдің әл-ауқаты айтарлықтай жақсарғанына қарамастан, мұндай іс кең көлемде жүзеге аса қойған жоқ.

Жекеменшік қор ретінде Сорос-Қазақстан толығымен тәуелсіз. Оған қоса, Қор нәтижесін болжау мүмкін емес бастаманы да қолдауға дайын. Қордың Қамқоршылар кеңесі мен командасы бастамаға қатысты екі сұрақты қоятын: бұл жоба қордың құндылығына сай ма және ел үшін маңызды ма? Жобалардың көпшілігі шағын болғанмен, қоғам үшін өте маңызды еді.

Мысал ретінде Training-кафе жобасын айта аламын. Тұтынушылардың денсаулығында менталдық бұзылысы бар адамдар даяшы болып істейтін кафеге баратын-бармайтынын болжап білу қиын еді. Соған қарамастан Қор бұл идеяны қолдау керек деп шешті. Осындай кафелер кейін басқа

қалаларда ашылды. Осылайша, елде үлгі алатын іс жүзеге асты. Қор мұндай бастаманы қолдамай тұра алмас еді. Менің ойымша, дамуында ауытқуы бар жандар арасында менталдық бұзылысы бар адамдардың жағдайы қиындау. Олардың қоғам өміріне араласуына көмектесу – маңызды шаруа.

«Баршаға ашық қоғам» бастамасы аясында Сорос-Қазақстан қоры мүгедектігі бар адамдар қоғамнан оқшау қалмауы керек деп мәселе көтерді. Алайда қоғамның ойы түбегейлі өзгеруі үшін халқы 2 миллионнан асатын Алматы сияқты қалаларда Training-кафе сияқты мекемелердің саны кемінде 5-10 болуы керек. Бұл жалғыз ғана Қордың қолынан келмейді. Мұндай жағдайда мемлекет қолда бар ресурстың бәрін пайдаланып, ықпал жасауы тиіс. Жалпы алғанда да қоғамға дұрыс бағыт-бағдарды мемлекет ұсынуы өте маңызды.

Сорос-Қазақстан қорында жұмыс істеу маған көп нәрсе берді. Серіктестеріміз бен әріптестеріміздің жетістігіне, Қор сүйенген құндылықтардың дұрыстығына сенімді болу осы Қорда қызмет етуге жеткілікті мотивация еді. Тіпті, Training-кафеде жұмыс істейтін жанның жылы жымыасының өзі Қорда қызмет етуге жеткілікті еді.



# БІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ШЕШІМ СЫРТЫМЫЗДАН ҚАБЫЛДАНАДЫ



**ВЕНИАМИН АЛАЕВ**, МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІМЕН АЙНАЛЫСАТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ. КЕЙІПКЕРІМІЗ БҰҰ-ДАҒЫ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ, ЖЕКЕ МОТИВАЦИЯ МЕН МҮГЕДЕКТІГІ БАР 700 000 АДАМ ТУРАЛЫ АҢГІМЕЛЕЙДІ

Сорос-Қазақстан қоры мен үшін үлкен бетбұрыс болды. Қордың «Құқық қорғаушылардың жаңа буыны» бағдарламасы бойынша оқу өмірімді өзгертті. Адам құқықтарын зерттеуге кірістім. Менің аудиториям мүгедектігі бар жандар еді, тек осы топтың ғана емес, өзімнің де құқығымды түсіне бастадым. Негізі бәріміздің ортақ мақсатымыз азамат ретінде, адам ретінде қалыптасып, қалыпты өмір сүру ғой. Ал бағдарлама бойынша оқығаннан кейін жалғыз емес екенімді түсіндім. Қордың қолдауымен мүгедектігі бар адамдардың жұмысқа орналасуын зерттеуге

көштім. Бәрі содан басталды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі жұмыс тобына, Алматы әкімдігінің үйлестіру кеңесі құрамына кірдім. Қормен байланысты үзбей, қоғамдық белсенділікті жалғастырдым. Соның арқасында қала әкімінің мүгедектігі бар жандармен жұмыс жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі болдым. Қазір Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде мүгедектігі бар адамдармен жұмыс жөніндегі кеңесшімін. Жұмыс барысында мейірімнің шынымен де әлемді құтқаратынын түсіндім. Қоғам өміріндегі басты нәрсе – аяушылық емес, адам құқығын аяққа таптамау, мейірімділік пен қайырымдылық. Оның нақты дәлелі – біздің ұйым іске асырып жатқан «Қаржы инклюзиясы» жобасы. Жоба мүгедектігі бар тұлғалардың да қаржылық қызметтерді пайдалана алуымен байланысты. Бұл бастама өзге елдер үшін өзекті боларына сенімдімін. Жаһандық деңгейде ойлау да Сорос қорының бір ерекшелігі екенін айтқым келеді.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ – МЕНТАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН АЗДАҒАН ГРАНТ БЕРУШІНІҢ БІРІ

Мен Қорда жұмыс істемеймін, бірақ біздің арамызда өте жақсы серіктестік бар. Бұл 2019 жылдың маусымында БҰҰ-да сөз сөйлеуге мүмкіндік берді. Осылайша, БҰҰ-да мүгедектігі бар адамдар құқығы комитетімен таныстым. Қайрат Иманәлиев атындағы мүгедектігі бар адамдардың құқығы туралы комиссияның және жеке өзімнің танымалдығымды арттыруға, халықаралық байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік алдым. Ал «Тұрақты даму мақсаттары» аясындағы сөз сөйлеуім азамат және құқық қорғаушы ретіндегі бастамам болды. Онда Қазақстан үшін маңызды екі мәселені көтердім: институтсыздандыру және кемсітпеу туралы жаңадан заң қабылдау, онда мүгедектігі бар адамдар да болуы тиіс. Жеке мотивация деген нәрсе де бар. Бұл маған да қатысты. Мен өзім сияқты адамдарды қорғаймын. Менің мүгедектігім бар, оны жасырмаймын да. Десек те, өкінішке

қарай, көп адамға «Менің есімім – Вениамин, мен мүгедектігі бар адаммын» деген мойындау «Менің есімім – Вениамин, мен – маскүнеммін» дегендей естіледі. Сондықтан үнсіз қалмау, жеке басымыз бен қажеттігіміз туралы айтудан тартынбаудың өзі оңайға түсіп отырған жоқ, ал біз қазір аз емеспіз. Әдетте, мүгедектігі бар адамдар төрт қабырғада қамалып отырып, теледидар көреді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Біз білім алуға, жұмысқа орналасуға, елдің қоғамдық-саяси өміріне араласуға құқылымыз. Әрқайсымыздың дауысымыз бар және әрқайсымыздың үніміз естілуі керек. Өйткені Қазақстанда 700 000 адамның мүгедектігі бар, ал мүгедектігі бар адамдардың құқығы туралы конвенцияны қабылдау – міндетті шаруаның бірі ғана.

Каше Фейсбуктегі досымды біреу «мешел» депті. Ол алдымен досыма көмектескісі келетінін айтқан, ал бұрыла бере оған тіл тигізіп тұр, яғни кемсітіп тұр. Мұндай нәрсеге ашуланбау мүмкін емес. Бір-бірімізді құрметтейік. Мүгедектігі бар адамдардың белгілі бір кедергілері бар екеніне қалыпты жағдай сияқты қарауды доғару керек. Ондай кедергілер жойылуы тиіс. Мысалы, инфрақұрылым тұрғысынан бәріміз білетін кедергілер бар (пандустар, бейімделген дәретханалар). Бизнес орталықтардан жалға алатын кеңсе іздегенде көбінде пандус болғанымен, қозғалысы шектеулі адамдарға арналған дәретхана жоқ екенін көрдім. Барлық жерде осындай жағдай. Бизнес бізді қызметкер және клиент ретінде көрмейді. Дегенмен бұл жағдайды өзгертемін деген үмітім бар. Қормен бірігіп, мүгедектігі бар адамдардың құқығы туралы

МЕМЛЕКЕТТІК БАЯНДАМА БІЗДІҢ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІМІЗДІ АЙТАДЫ. ОЛ  
РАС, БІРАҚ БҰЛ ТІЗІМГЕ БАР БОЛҒАНЫ БІР АЙ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕРДІ  
ҚОСА БЕРМЕЙ, КЕМІ БІР ЖЫЛ ІСТЕГЕНДЕРДІ ҒАНА ЕСЕПКЕ АЛАЙЫҚШЫ

балама баяндама дайындап жатырмыз. Мұны осы мәселе туралы мемлекеттік органдардың баяндамасын сараптай отырып, мейлінше ойластырып істеп жатырмыз. Оларға сенсек, мүлде басқа Қазақстанда өмір сүріп жатқан сияқтымыз. Мысалы, ресми баяндамада елімізде инклюзив білім берілетіні жазылған. Ал біздің баяндамада былай жазылған: иә, инклюзив білім бар, бірақ мүгедектігі бар адамдар кез келген мектепте білім ала алмайды, өйткені, ең берісі, оларды дайындайтын педагогтар жоқ. Тіпті мүгедектігі бар балалалардың өзі де интернатта оқу ыңғайлырақ екенін айтады. Біз инклюзив қоғам құрып жатырмыз және бәріміз бірге өмір сүруіміз керек.

Менталдық ерекшелігі бар жандар іс жүзінде жұмыс істемейтінін білесіз бе? Қазір мұндай ерекшелігі бар адам жұмысқа тұрса, ол туралы бірден ақпарат құралдарында жарияланады. Негізі бұл қалыпты жағдай болуы керек еді. Баяндамамыздың арқасында мемлекет біздің өміріміз туралы шенеуніктерден емес, өзімізден естіп-біледі. Қазір Еңбек министрлігімен тікелей жұмыс істеп жатырмыз. Министрлік біздің балама баяндамада көрсетілген мәселелермен айналысатын шағын жұмыс топтарын құру жөніндегі бастамамызды қолдайды. Баяндаманы Женевада таныстырамыз. Қазір жазып біттік, тек жаңартып, толықтырып жатырмыз.





# ЖЕТІСТІКТІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

**РОЗА ӘБИЛОВА**, ІЛЕ аудандық мәслихатының депутаты, «БОЛАШАҚ» ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ. «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС» ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА ТҮРТКІ БОЛҒАН ЕКІ ЖОБА ЖӘНЕ АШЫҚ ӘРІ ТҮСІНІКТІ БЮДЖЕТ ДЕРЕКТЕРІ ТУРАЛЫ

# Б

Бюджеттің қаржысы қалай және қайда жұмсалатыны бәрімізді қызықтырады. Бюджеттің ашықтығы, халыққа түсінікті болуы бізде ғана емес, бүкіл әлемде күрделі мәселе. Бюджетті толықтай бақылауда ұстап отырған шенеуніктер қыруар қаржының шын мәнінде қайда кетіп жатқаны туралы салық төлеушілерге есеп беруге аса бейіл емес. Халық та есеп сұрауға дағдыланбаған. Олар шенеуніктер қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне бас ауыртпайды деп есептейді, билік пен қоғамның мүддесі тоғыспайды деп ойлайды.

Билік пен қоғам арасында дәнекер болу мақсатымен екі жобаны қолға алдық. Сорос-Қазақстан қоры қолдау көрсеткен жобалар «Әлеуметтік аудит» және «Қоғамдық кеңес» деп аталады. Бұған Үндістанға барып, әлеуметтік аудит курсынан өтуіміз түрткі болды. Үндістанның бұл саладағы тәжірибесі назар аударарлық: онда бюджеттің 5%-ы бірден әлеуметтік аудитке бөлінеді. Бұл жаңа жоба бастаған адам өзін қоғамдық ұйымдар тексеретінін алдын ала біледі деген сөз.

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ, МИНИСТРЛІК ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БІРНеше РЕТ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗДІК. МҰНДАЙ ЖИЫНДАРҒА СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП ЖҮРДІ

Одан кейін Германияда бундестаг депутаттарының жұмысымен танысуға мүмкіндік туды. Халқы 40 мыңға жетпейтін қалалардан бастап, 300 мыңнан көп адам тұратын қалаларға дейінгі мекенде жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне азаматтар қалай қатысуы керек екенінің үлгісін көрдік.





2015 ЖЫЛЫ  
«ӘЛЕУМЕТТІК АУДИТ»  
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА  
ҚҰРЫЛҒАН КОМАНДА  
МҮШЕЛЕРІ ҚАЗІР  
ҚАРЖЫ БӨЛІНСІ  
МӘСЕЛЕСІМЕН  
ҚОСА, ЕЛІМІЗДЕГІ  
АТҚАРЫЛҒАН  
ЖҰМЫСТАР САПАСЫНА  
МОНИТОРИНГ  
ЖАСАЙТЫН ТҮРЛІ  
ТОП ПЕН КОМИССИЯ  
ҚҰРАМЫНА КІРЕДІ

Көрген-білгенімізді түйіндей келіп, нақты жағдайлар мен қажеттіліктерді ескере отырып, Қазақстанда жұмысты бастап кеттік. Іле ауданының базасында халық саны көп емес мекендерде бюджетті қалай басқару керек екенінің үлгісін жасадық.

Осының арқасында Іле ауданы ауылдық аймақтар арасында алғашқы болып бюджетке бақылау жасауды үйреніп, тұрғындар мемлекеттік бюджет процесіне батыл араласа бастады. Халық бюджетке өз ақшасындай қарай бастады. Олар билікке ықпал ете алатынын көрді. Салық төлеушілердің ақшасы қалай жұмсалатыны және орындалған істің сапасы қандай болатыны өздеріне байланысты екенін түсінді. Тіпті жергілікті атқарушы орган басшылары аудитті белсенді және ауыл өміріне бей-жай қарамайтын тұрғындар жасағандай сапалы жасай алмайтынын мойындап, белсенділерге алғысын білдірді. Бұл тек басы еді.

Сорос-Қазақстан қорының қаржылай қолдауымен және ынтымақтастығы арқасында біз жүзеге асырған екінші жоба – қоғамдық кеңесті дамыту жобасы. 2015 жылдың қарашасында қабылданған «Қоғамдық кеңес» туралы заңның практикалық жағына біздің ауданның тәжірибесі негіз болғанын мақтанышпен айтар едім. Бұл сөзімді

Парламент Мәжілісінің депутаты, осы заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Серік Сейдуманов растайды.

Біздің елде Қор жобаларының мұндай нәтижеге жетуіне, біріншіден, қызметкердің кәсіби білігі ықпал етеді. Екіншіден, Сорос-Қазақстан қорында қарым-қатынас жолға қойылған: жұмыс жоспары бар, қадам сайын өзара байланыс бар, жұмыс логикаға құрылады және қағазбастылық пен бюрократия жоқ. Оған қоса, жан-жақты консультация мен нақты қолдау бар. Қор үйлестірушісі жобаның барлық кезеңіне қатысады. Серіктестер әлденені дәлелдеп, әуреге түспейді. Бұл адамның уақытына ғана емес, күш-қуатына да үнем. Үйлестіруші жобаның даму барысын толық көріп отырады, керек кезінде көмекке ұмтылады.

Сорос-Қазақстан қорының елімізде жұмыс істеп жатқан 25 жылы жұмыстың басы ғана деп үміттенем. Өйткені шын мәнінде Қор жұмысының оң нәтижесін көріп отырмыз. Олардың қатарында ашық бюджет жобасы да бар. Бұл жоба азаматтарға бюджетті бақылауға мүмкіндік беріп қана қоймай, шешім қабылдау процесіне қатысуға да жол ашады. Мұның бәрі жемқорлыққа қарсы күрестің және халықтың азаматтық белсенділігін көтерудің сәтті жалғасы бола алады.



# АШЫҚ ҰСТАНЫМ

**ИРИНА СМЕРНОВА**, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ. ОРТА БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ, МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ, МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЕСЕПТІЛІГІ, СОНЫМЕН БІРГЕ, АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ НЕ СЕБЕПТІ СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНАН БАСТАЛҒАНЫ ЖАЙЫНДА

Өткенде Сорос-Қазақстан қорымен қай кезден бастап таныс екенімді есіме алдым. Қор өкілдерімен он жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатыр екенмін. Ол кезде Алматыда тұратынмын, мектеп директоры болдым және «Ар-Намыс» мұғалімдер мен оқытушылар бірлестігінің Алматы филиалын басқардым. Шамамен 2008-2010 жылдар болса керек. Білім беру жүйесі үшін де, жеке басым үшін де қиын кезең. Ал Сорос-Қазақстан қорынан рухани қолдау тауып, өзім зәру болған сарапшылар қауымдастығының қолдауына ие болдым.

Ынтымақтастық жеке басым үшін ғана емес, жалпы ұстаздар қауымы үшін маңызды екенін әуел бастан түсіндім. Солай болып шықты да. Сорос-Қазақстан қоры білім беру бағдарламасының сол кездегі директоры Сәуле Аманжолқызы Каликованың бізге үйреткені көп, ол кісіге ерекше алғысымды білдіремін.

Өз елімнің азаматы ретінде қалыптасуыма Сорос-Қазақстан қорымен бірлескен жұмыс септігін тигізді десем, біреулерге бұл ерсі көрінуі мүмкін.

ҚР ҮКІМЕТІ МЕН ПАРЛАМЕНТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІНЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАЙТЫНЫН ТӘЖІРІБЕ КӨРСЕТІП ОТЫР. БҰЛ – ТҰТАС МЕМЛЕКЕТ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ОЛ ЖЕМІСІН БЕРІП ТЕ ЖҮР

Шын мәнінде ұстаздың, оқушының, қарапайым қазақстандықтың құқықтары туралы қалай айтуға болатынын және қалай айтылуы керек екенін түсіндім. Бұл құқықтар бұзылған жағдайда не істеу керек екенін де ұқтым.

Бәрі ретімен іске асты. Сорос-Қазақстан қорымен серіктес Қазақстандағы саяси шешімдер институтының кездесулеріне қатысудың бергені көп болды. Шындықты ашық айтудың және адамдардың өмірін жақсартатын іске қол жеткізудің маңызын түсіндім. Бұл тек менің басымдағы жағдай емес екеніне және біздің құқықтарымыз жайлы түсінігіміздің өзгеруіне Қор командасының зор үлес қосқанына сенімдімін.

Қордың тағы бір маңызды жобасы – Саяси шешімдер институтының пікірталас алаңы (КИПР). Қазір ол «Кипр» аналитика тобы деп өзгертілді. Қызмет бағыты – мемлекеттің, бизнестің, қоғамдық бірлестіктердің заңнама саласындағы бастамаларын сараптау, реттеушінің ықпалын бағалау, әлеуметтік зерттеулер. Жобаның командасы белсенді азаматтардың басын қосып, олардың ой-пікірін білдіруіне, сарапшылардың қолдауына жүгінуіне мүмкіндік беріп отыр. Әрі бұл жұмыс нәтижесіз де емес.

Мен үшін тағы бір шешуші бетбұрыс бюджеттің ашықтығы бағдарламасы болды. Пікірім арқылы мемлекет бюджетіне ықпал ете алатынымның өзі

қоғамдағы рөліме деген көзқарасымды өзгертті. Нәтижесінде, сарапшылардың және Қор өкілдерінің көмегімен Қазақстан үкіметіне үндеу жолдап, ел бюджетінің ашықтығына сараптама жасап, соның нәтижесінде министрліктерге бюджеттің қандай болуы керек екеніне қатысты ұсыныстар білдірдім. Қазір бұл бастама нәтижесін бере бастады: жақында Қазақстандағы ашық бюджеттердің виртуал картасын құрастыру жұмысына қатыстым.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ ӘР ІС-ШАРАСЫНДА ЖЕТЕКШІ САРАПШЫЛАР ШАҚЫРЫЛАДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕТЕЛДІКТЕР ДЕ БАР. БҰЛ ТАРАПТАРДЫҢ БӘРІНЕ МӘСЕЛЕГЕ ТЕРЕҢ ҮҢІЛІП, ОНЫ JAҢА ҚЫРЫНАН ТАҢУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ. ҚОРДЫҢ ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ПІКІРТАЛАСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР АЯСЫ ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ОСЫНЫҢ ӨЗІ ЖҰМЫСТЫ БАРЫНША ТИІМДІ ЕТЕДІ

Карта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің көмегімен құрылды. Виртуал картада мемлекет тарапынан қаржы алатын республикадағы барлық ұйым белгіленген. Өзіңізді қызықтырған ұйымды бассаңыз, бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі толық ақпарат ашылады. Бұл қоғамға мемлекеттік қаражат шығынын бақылауға мүмкіндік береді. Демек, бюджеттің ашықтығы мен есептілігі бағдарламасы із жүзінде орындалып отыр.





# БҰЛ – БІЗДІҢ ҚҰҚЫҒЫМЫЗ

**БЕРІК ӘБДІҒАЛИҰЛЫ, САЯСАТТАНУШЫ. АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ПЕН БЕЛСЕНДІ ҰРПАҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТУРАЛЫ**



Біз тоталитарлық, коммунистік қоғамнан шықтық. Сондықтан бізде азаматтық құндылықтарды насихаттау, азаматтық белсенділікті қалыптастыру жеткілікті деңгейде болған жоқ. Азаматтардың құқығын қорғау, әлеуметтік мәселелерді шешу жағынан да тәжірибеміз аз болды. Сол себепті де 25 жыл бойы осы бағытта қызмет етіп келе жатқан Сорос-Қазақстан қорының жұмысын жоғары бағалаймын.

Қор елімізде азаматтық белсенділікті дамытуға, адам құқығы саласындағы мамандардың өз арамыздан шығуына ықпал етті. Осы уақыт аралығында Қор әлеуметтік салада болсын, журналистикада болсын, қазақша сөйлейтін белсенділерді қолдады. Соның арқасында осы елде тұратын және Қазақстанның тағдырына бей-жай қарамайтын тұтас бір буын қалыптасты.

Жиырма бес жыл ішінде көптеген бағдарлама жүзеге асты. Оның бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Дегенмен соның ішіндегі ең негізгісі – адам құқығын қорғау саласындағы бағдарламалар. Біздің қоғамда, өкінішке қарай, азаматтар әлі де өз құқығын толық қорғай алмайды. Түрлі жағдайға тап болғанда не істеу керек, кімнен кеңес алу керек? Сорос-Қазақстан қоры осы бағытта да көп жұмыс істеді.

Әлеуметтік жобаларды да атап өткім келеді. Мүгедектігі бар азаматтар мемлекеттің әлеуметтік саясатынан тыс қалатын жағдайлар көп. Сорос-Қазақстан қоры мұндай азаматтарға мемлекетке қол жаймай, өз жобаларын жүзеге асыруға көмектеседі. Ал кейін ол азаматтардың бір-бірінің дамуына септесуі – үлкен жетістік.

Қордың кейінгі жылдардағы табысты жұмысының бірі – бюджет жобалары. Меніңше, азаматтарымыздың көпшілігі әлі күнге дейін бұл процестің мәнін білмейді. Бюджеттің ашықтығы, жариялылығы, есептілігі қаншалықты маңызды екенін түсінбейді. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл жағы қиын. Сорос-Қазақстан қорының арқасында халық қазір бюджетке тікелей қатыса алады. Қор жемқорлықпен күреске де айрықша назар аударып отыр. Осы жобалар жетіле түссе және бюджет саласында халықтың сауатын арттыру жұмысы жалғасса деген тілегім бар.

Сорос-Қазақстан қорының артықшылығы неде? Елімізде гранттар ұсынатын, адамдарға арманы мен жоспарын жүзеге асыруға көмектесетін басқа да ұйымдар бар. Бірақ олардың көбі мемлекеттің қолдауына сүйенеді немесе түрлі саяси күштердің қаржысын алады. Ал Сорос-Қазақстан қоры мұны жалпыадамзаттық құндылыққа сүйене отырып, жеке қаражатына жүзеге асырады.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАҒЫ БІР МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ – БАҚ ПЕН САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАУЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚТІЛДІ МАМАНДАРМЕН БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ІСТЕДІ. ӘРТҮРЛІ САЙТТАР МЕН ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУМЕН ҚАТАР, ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА СЕМИНАРЛАР, ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, ТҮРЛІ КЕЗДЕСУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛ ИНЪЕКЦИЯ

**ЖІБЕК АХМЕТОВА**, «МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ АЗАМАТТЫҚ АЛЪЯНСЫ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ. СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ БАСҚА ДОНОР ҰЙЫМДАРҒА ҰҚСАМАЙТЫНЫ, ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ЖОБАЛАР МЕН КҮРДЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ҰМТЫЛУЫ ЖӘНЕ МАМАНДАРҒА ҚАЖЕТ КЕЗІНДЕ БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРУІ ТУРАЛЫ



Азаматтық белсенділікті көтеру, азаматтық бастамаларды арттыру, мемлекеттің ашықтығы мен есеп беруін талап ететін жаңа заңдардың қабылдануына ықпал ететін бастамаларды ұсыну – Сорос-Қазақстан қорының 25 жылдық жұмысы. Қор қандай мәселемен айналысса да, ол үшін қоғамдық қарым-қатынас негізі адам құқығы болды және солай болып қала береді. Қор қолдауымен жүзеге асқан жобалар қоғамда теңдікті, әділеттікті құрметтеуге, заңның үстемдігін нығайтуға және ашық бюджет маңызын түсінуге оң әсер етеді.

Осы процестерді сырттай бақылап және оларға жеке кірісе отырып, Сорос-Қазақстан қоры шын мәнінде елдің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге көңіл бөлетін Қазақстандағы жалғыз қор деген қорытындыға келдім. Біздің «Маңғыстау облысы азаматтық альянсы» ең күрделі мәселелерді шешуге ұмтылады. Ал оларды шешуге көп уақыт кетеді. Бірнеше жылдан бері ерік-жігерімізді жинап, мақсатқа қарай қадам басып келеміз. Оған қоса, кәсіби білігімізді арттырып, әріптестермен тығыз қарым-қатынас орнатуды үйреніп жүрміз. Ал Қор бізге білімімен, тәжірибесімен, кәсіби сараптауымен көмектеседі. Мүмкіндіктерді мұқият пайдаланғанда ғана жетістікке жетуге болады. Әрі оның нәтижесі міндетті түрде болады.

Қордың тағы бір айтарлықтай ерекшелігі – институционал дамуға көп көңіл бөлуі. Соның арқасында халықаралық мықты сарапшылардың лекциясын тыңдауға, оған қоса шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндігіміз бар.

Кейінгі жылдардағы азаматтық салаға қатысты өзекті жобалар туралы айтар болсақ, «Ашықтық пен есептілік» бағдарламасын айтқан жөн. Бағдарлама Қазақстанның батыс өңіріндегі бірнеше маңызды бастаманың дамуына серпін берді. Жергілікті билік органдарының шешім шығару процесіне белсенді және байыпты түрде қатысуына жол ашқан жобалар нәтижесіз де емес. Халық мүдделі тараптарды тарта отырып, ауыл проблемасын шешуге ықпал ете алатынына көз жеткізді. Жергілікті белсенділер өкілеттігі мен құқығын пайдалана отырып, ауыл бюджетінің қалай игеріліп жатқанын бақылауды үйренді.

Мемлекеттік бюджет саласының мамандарын даярлауға бағытталған Open Budget Fellowship бағдарламасы да маңызды миссияны жүзеге асырды. Өзім осы бағдарламаның түлегімін. Бұл, ең алдымен, қатысушыларға мемлекеттік қаржы туралы жеткілікті білім алуға мүмкіндік берді деп айта аламын. Бағдарламаның арқасында қатысушылар республикалық және жергілікті бюджеттің айырмашылығын, мемлекеттік бюджет дегеніміз не екенін, Ұлттық қордың қызметі қандай екенін, мемлекеттің қарызы деген не екенін түсінді. Екіншіден, біз білім алып қана қоймай, ашық дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалана отырып, бюджет саласын сараптауды және талдауды үйрендік.

Open Budget Fellowship бағдарламасында алған білімім жұмысымда мемлекеттік сатып алуды бақылау, әртүрлі саладағы тәуелсіз зерттеулер және аналитикалық есептерді дайындау кезінде пайдаға асып жүр. Бұл мен жұмыс істейтін ұйымның ғана емес, сонымен бірге кәсіби тұрғыда өсуге мүмкіндік берген Қордың да жетістігі деп есептеймін.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН  
ҚОРЫМЕН СЕРІКТЕС  
БОЛУ АРҚЫЛЫ  
ЖҰМЫСТЫ ЖҮЙЕЛІ  
ІСТЕУДІ ҮЙРЕНДІК.  
ГРАНТ АЯСЫНДАҒЫ  
БІРДЕ-БІР ЖОБА  
НӘТИЖЕСІЗ НЕ  
АЯҚСЫЗ ҚАЛҒАН  
ЕМЕС

# ДӘУІР ЖӘНЕ БІЛІМ

**СӘУЛЕ КАЛИКОВА:** «БІЗ – ҰЛТТЫҚ КОНТЕКСТ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЖАҒДАЙМЕН БЕРІК БАЙЛАНЫСТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЙЫМБЫЗ»

Сорос-Қазақстан қорының қоғамдық саясат жөніндегі кеңесшісі Сәуле Каликова – Сорос-Қазақстан қорында алғашқы сәттен қызмет етіп келе жатқандардың бірі.

1994 жыл. Жас республика реформа қарсаңында. Қазақстандықтар еркіндік пен демократия рухынан шабыттанып жүрген шақ. Өне-міне бұл құбылыстар сезілетін сияқты. Сол жылы Қордың қолдауымен Қазақстанда «Гуманитарлық білім беру трансформациясы» атты ауқымды жоба басталды. Негізгі идея реформаны жаңа деңгейге көтеру еді. Жобаның негізін жасап, басым бағыттарын белгілеу білім және ғылым саласының үш маманынан тұратын Сарапшылар комитетіне берілді. Сол үшеудің бірі – Каликова Сәуле Аманжолқызы.

Сәуле Аманжолқызының өз сөзімен айтсақ, ол Қорға «құндылықтары қалыптасқан, жетілген адам» болып келді. Оның үстіне, білім беру саясаты саласында тәжірибесі мол еді.

– Сорос-Қазақстан қорына келгенге дейін білім беру саласында түрлі қызмет атқардым. Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымы ғылыми-зерттеу институтында (қазір Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы – ред.), ҚР Білім және ғылым министрлігінде қызмет етіп, ҚР Парламентінде білім беру бойынша кеңесші болып жұмыс істедім, – деп еске алады Сәуле Аманжолқызы.

СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ 25 ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖАЛПЫ ҚАРАЖАТТЫҢ ҮШТЕН БІРІНЕН АСТАМЫН БІЛІМ БЕРУГЕ БӨЛДІ. БҰЛ – ШАМАМЕН 35 МИЛЛИОН АҚШ ДОЛЛАРЫ

Сараптау комиссиясында жұмыс істегеннен кейін көп ұзамай Сәуле Аманжолқызы Қорға қызметкер ретінде қосылып, 1995 жылдан команда құрамына кірді және көп жыл білім беру бағдарламалары бөлімін басқарды.

**Сәуле Аманжолқызы, осы 25 жыл ішіндегі Сорос-Қазақстан қорының білім беру саласындағы қызметін қалай бағалайсыз? Сіздің ойыңызша, бұл қызмет қандай бағыттарда аса маңызды болды?**

Өткенге көз жүгіртсем, Сорос-Қазақстан қорының білім саласындағы қызметі еліміз тәуелсіздік алған кезден басталған реформалардың маңызды бөлігі болды деп айта аламын. 25 жыл ішінде біз мектепке дейінгі білім беруден бастап, жоғары білімге дейінгі білім берудің барлық деңгейін қамтыған көптеген жобаға бастамашы болып, қолдау білдірдік.

Мектепті және мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау, білім беру реформасының негізгі бағыттарын қолдау сияқты бағыттарда біздің қосқан үлесіміз маңызды болды. Біз еліміздің әр аймағынан келген мыңдаған жас пен университет оқытушысына алдыңғы қатарлы шетелдік университеттерде оқуға және ғылыми тағылымдамдан өтуге мүмкіндік бердік.

Біздің бағдарламалар аясында басталған көптеген идея, тұжырымдама мен әдіс елдің білім беру тәжірибесіне еніп, қазір бізсіз дамып жатыр. Солардың бірнешеуіне ғана тоқталсам деймін. Step By Step бағдарламасының негізгі идеясы мен методологиялық тәсілдері мектепке дейінгі білім берудің ұлттық стандартын әзірлеу кезінде ескерілді. Біз қолдаған «Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» бағдарламасы аясында курстан өткен көптеген мұғалім Назарбаев зияткерлік мектептерінің алғашқы оқытушылары қатарында болды. Қоғамдық өмірге белсене араласып, көптеген әлеуметтік және білім беру жобасына бастамашы болып, іске асырған – Ақмола облысындағы Аршалы ауданының Вячеслав орта мектебі болды. Оның директоры Немцан Татьяна Николаевна сонау 2003 жылы «Мектеп жергілікті қоғамдастық орталығы ретінде» бағдарламасына алғашқы қатысушылардың бірі болды.





МЕЙЛІНШЕ МАҢЫЗДЫ ЖОБАНЫҢ БАРЛЫҒЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІМЕН ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ДЕПАРТАМЕНТТЕРІМЕН ТЫҒЫЗ ҢНТМАҚТАСА ОТЫРЫП ЖАСАДЫҚ. СОНДЫҚТАН КӘСІБИ КЕҢЕС АЙТҚАН, БІЗГЕ СЕНГЕН, ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕН ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ БІЗСІЗ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРУГЕ НИЕТ БІЛДІРГЕН, СОЛАЙША БІЗДІҢ ЖҰМЫСҚА КӨМЕКТЕСКЕНДЕРДІҢ БӘРІНЕ АЛҒЫС АЙТҚЫМ КЕЛЕДІ

1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында жоғарғы сынып оқушылары мен университет студенттерінен тұратын мыңдаған жас біздің Пікірсайыс бағдарламасының қатысушысы болды. Ал қазір «Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бағыттарының бірі – «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебат қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-ағарту жобасын жүзеге асыру болып отыр. Жоба аясында еліміздің барлық аймағында пікірсайыс орталықтары мен клубтарын ашу жоспарлануда.

**Тұрақты түрде жұмысын жалғастырып, дамып жатқан жоба көп. Жүзеге аспаған жобалар туралы айтып беріңізші.**

Біз бастаған жұмыс жүйелі түрде жалғаспаған екі сала бар. Олар: «Азаматтық білім» (1996-1997 жж.) және «Мультимәдени ортадағы білім» (2000 ж.). Бірінші бағытта азаматтық тәрбие туралы бірнеше қызық оқулық пен оқу құралының авторларын қолдағанымызға қарамастан, бұл саланы кеңейте алмадық. Оның бір себебі Білім және ғылым министрлігімен келісім бойынша жұмыс істейтін басқа донор ұйымдарының пайда болуы еді. Екінші бағытты мультимәдени білім беру саласындағы инновациялық жобаларды дамыту процесін бастау мақсатында қолға алдық. Қазір қарап отырсам, ол кезде бұл тақырып білім беру саласындағы көкейкесті проблемалардың қасында қажеті шамалы бастама ретінде қабылданыпты. Иә, жоба қызық, бірақ одан да маңызды істер бар еді.

**Сорос-Қазақстан қоры жүзеге асырған жобалардың ішінде ерекше есте қалғаны қайсы деп ойлайсыз?**

Барлық жобамыз қызық әрі маңызды болды десем, объектив пікір болмас еді. Жүйелі, бюджеті үлкен немесе бюджеті шағын әрі ауқымы да кең емес, солай бола тұра білім беру саласы үшін маңызды жобалар болды. Олардың әрқайсы әртүрлі болып есімде қалды. Ал сауалыңызға жауап ретінде бір жоба туралы айтып берейін.

1996 жылы «Оқу кітабы» бағдарламасы аясында «Басқа тілде сөйлейтіндерге арналған қазақ тілі» байқауын жарияладық. Байқауға қатысуға қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың тұжырымдамалық жаңа тәсілдерін ұсына алатындардың баршасын шақырдық. Қалай қобалжығанымызды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Қалыптасқан дәстүрге сай, орыстілді аудиторияға арналған қазақ тіліндегі оқулықтарды әзірлеу және басып шығару саясаты мен тәжірибесін анықтайтын азғантай маман болатын. Ал біз конкурс жариялау арқылы қоғамға жаңа идеялар, жаңа авторлар мен жаңа оқу құралдары қажет екенін жеткіздік. Өте көп хат алдық. Хат авторлары арасында филолог мамандар, суретшілер, балаларға арналған кітап иллюстраторлары, қазақ тілін үйренгісі келетін шетел студенттеріне арнап оқу құралдарын дайындайтын уақыт келгеніне көзі жеткен шетелде оқыған жас зерттеушілер болды. Осы жоба аясында 18 оқулық пен оқу құралын шығардық. Сол жылдары Алматыдағы жетекші білім ордасы – №12 қазақ мектебін басқарған Нұртазина Рафика Бекенқызының сөзін ешқашан ұмытпаймын. Ұстаз Сорос-Қазақстан қорына алғысын былайша жеткізген еді: «...Сіздердің құлшыныстарыңыз бізге де әсер етті. Қор көңілің сенген нәрсені жүзеге асырудан қорықпау керек екенін көрсетті. Көптеген жаңа таныстар таптым. Қор бағдарламасына қатыспасам, мұның бірі де болмас еді. Жаңа білім, идея және пікірлестермен сөйлесу мүмкіндігі үшін сіздерге рақмет».

Біздің бағдарламалардың табысты болуы – серіктестердің, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар мен оқу орындарының да еңбегі. Бағдарламаларға қатысушылар қатарында мұғалімдер, университет оқытушылары, еліміздің барлық аймағынан келген студенттер болды.

Біздің ұйымның бірегейлігі құндылықтарымызға енгізілген генетикалық кодпен байланысты деп ойлаймын. Ол қандай құндылықтар десеніз, әділеттілік, адам құқығы және заңның үстемдігі, әртүрлілікті инклюзив қоғамның негізі ретінде қарау және қабылдау, ашықтық пен есептілікті мемлекет пен қоғамның демократиялық құрылымының шарты ретінде тану дер едім. Осы құндылықтарды ұстану бағдарлама қызметімен қоса ұйымның мәдениетін, басқару және шешім қабылдау тетіктерін де анықтайды. «Ашық қоғам» қорлары ірі халықаралық желісінің бір бөлігі бола отырып, заң тұрғысынан да, рух жағынан





ӨЗІМЕ ҰНАЙТЫН ІСПЕН АЙНАЛЫСАМЫН, ЖҰМЫСЫМНЫҢ НАҚТЫ НӘТИЖЕСІН КӨРЕМІН, АЙНАЛАМДА МЕНІ ҮНЕМІ ӨСІП-ЖЕТІЛУГЕ ҮНТАЛАНДЫРАТЫН ӘРІПТЕСТЕРІМ – КЕРЕМЕТ ЖАСТАР БАР. МҮНДАЙ ЖҰМЫСТАН ЖАЛЫҒУ МҮМКІН ЕМЕС!

да біз ұлттық контекст және жергілікті жағдаймен берік байланыстағы қазақстандық ұйымбыз. Бұл екі «тірек нүктесі» бізге халықаралық және қазақстандық тәжірибе мен сараптаманы икемді және мақсатты түрде үйлестіріп және өзара байыта отырып, бағдарлама қызметін дамытуға мүмкіндік береді.

**25 жыл бір ұйымда қызмет ету оңай емес. Жұмысыңыз күнделікті тіршілікке айналып, жалықтырмас үшін сізді не шабыттандырды?** Кәсіби қызметімнің барлық кезеңінде білім беру саясаты саласында дамыдым. Осы тұста айта кететін бір нәрсе, қоғамдық саясат мәселесімен айналысатын кез келген адам қоғамға шектеулі

сараптамалық біліммен қоса, бірінші кезекте белгілі бір құндылықтарды таратады. Маған біздің ұйым сүйенген және мен жаңа айтып өткен ашық қоғам құндылықтары жақын әрі түсінікті. Осы құндылықтар жаныма жақын және мені шабыттандыратын да солар. Жаңашылдық рух пен инновацияға ашық болуды жақсы көремін. Икемділікті және біздің жұмыстың маңызды қағидасының бірі – елдің нақты қажеттілігіне жауап беруге ұмтылысты бағалаймын. Біздің Қордың сан түрлі қазақстандық ұйыммен, адамдармен тығыз қарым-қатынаста болғаны, қазір де қарым-қатынасы берік екені мені шабыттандырады. Біз бәріміз бірге тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына айтарлықтай үлес қостық.



# АЛЫСҚА СЕРМЕУ

ӘЛИЯ РҮСТЕМБЕКОВА, «БЕРЕКЕ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ. АУЫЛДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ, МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЕСЕПТІЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ



Әңгімені жеке тәжірибемнен бастайын. 2012-2014 жылдары «Береке» қоғамдық бірлестігі Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен бірден екі жобаны жүзеге асырдық. Оның бірі «Оңтүстік Қазақстан облысының аудандық YEҰ әлеуетін арттыру арқылы азаматтық қоғамды дамыту» болса, екіншісі – «Азаматтық қоғамның тұрақты дамуы мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысының аудандық YEҰ әлеуетін нығайту». Екеуі де ауылдық жердегі үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істеуге бағытталған. Ол кезде біз келіссөз жүргізген көптеген донор азаматтық қоғамды ауылдық деңгейде дамытудың қаншалықты маңызды екенін де түсінбеген еді. Олардың ауылмен жұмыс істеуіндегі жүйесіздіктің себебі де осыдан болар деп түйдік. Мұндай ұйымдардың ауылға қатысты жұмысы флешмоб немесе бір реттік көмек ретінде ғана қабылданатын. Мұның бәрі ауылдық жердегі азаматтық қоғамды дамытуға емес, керісінше, тежеуге үлес қосты. Сонымен бірге, аудандық үкіметтік емес ұйымдардың институт және ұйым ретінде дамуы бойынша кешенді жұмысты талап етті. Осы мақсат жолында бізге Сорос-Қазақстан қоры ғана назар аударды. Олар да дәл біз сияқты бұл жұмыстың қажет екеніне сенімді еді.

Қормен жұмыс істеуді бастағанға дейін «Береке» бірлестігі бірнеше жыл бойы YEҰ дамыту жолында

жұмыс істеп жүрген еді. Дегенмен сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысындағы 12 ауданның бесеуі (Сарыағаш, Арыс, Түлкібас, Созақ, Ордабасы) қамтылмай қалған. Үкіметтік емес сектор ол аудандарда мүлдем жұмыс істемеді деуге болады. Осы олқылықтың орнын толтырып, жоба аясында Сорос-Қазақстан қорының өкілдерімен бірге стратегиялық жоспарлау, фандрайзинг, қауымдас-тықты мобилизациялау, жоба жазу және оны басқару, ақпарат құралдарымен жұмыс дағдысын дамыту және тағы басқа тақырыптар бойынша тренингтер өткіздік.

Сонымен бірге, осы жобаға қатысушы ұйымдарға адвокациялық қызметке бағытталған идеясын жүзеге асыру үшін тамаша мүмкіндік берілді. Бұл ұйымдар шағын грант алып, осы бағытта қызмет атқаратын ауылдық YEҰ арасындағы алғашқы қарлығаштары болды.

Сорос қоры әрдайым алыстан ойлайды. Бұған қоса Қордың барлық мақсат-міндеті бәріміз үшін әрдайым маңызды әрі өзекті деп сеніммен айта аламын. Соның ішінде бюджеттің ашықтығы мен есептілігі, азаматтық белсенділікті дамыту саласын ерекше атап өтуге болады. Қордың инклюзив білім беру бағытындағы жұмыстары да қуантады.

Қор кез келген мәселеге бүгінгі күн тұрғысынан емес, болашақтың көзімен қарайды. Проблеманың алдын алуға ерекше мән береді. Қормен серіктес мамандардың кәсіби деңгейі жоғары, олар процеске қатысушыларға көмектесуге қашанда дайын. Қоғамға пайда келтіру, ортақ табысқа жұмыс істеу ниеті Сорос-Қазақстан қорына адамдарды тартады.

Өзім байқаған тағы бір жайтты айта кетсем, Сорос-Қазақстан қоры үшін өзі қызмет етіп отырған барлық бағыттың маңызы бірдей. Бір ғана мәселемен шектелмей, маңызды деген бірнеше бағытты қатар алып жүру дұрыс ұстаным екеніне күмәнім жоқ. Қордың жаңа адамдарға, жаңашыл идеяға, өзекті бағдарламаларға бей-жай қарамайтынына, мейлінше назар аударатынына өзім куә болдым.

Бірде Сорос-Қазақстан қорының грантымен Санкт-Петербургке бардым. Мақсатым қаланың алдыңғы қатарлы қоғамдық ұйымдарымен тәжірибе алмасу еді. Бұл сапар әріптестердің тәжірибесін үйреніп, жаңа білім жинауға тамаша мүмкіндік болып шықты. Жұмысымыз мейлінше тиімді болуы үшін бізге ұдайы білімімізді шыңдап отыру қажет. Бұл – біздің және біз қызмет етіп отырған ұйымдардың әлеуетін арттырудың бірден-бір мүмкіндігі.

АУЫЛМЕН ЖҰМЫС  
ІСТЕУГЕ КӨБІ БІР  
РЕТТІК, ЖҮЙЕСІЗ  
ЖҰМЫС ЕСЕБІНДЕ  
ҚАРАЙТЫН. СОРОС-  
ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ  
БҰЛ ТҮСІНІКТІ  
ӨЗГЕРТТІ

# ЖАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ БӨЛШЕКТЕРІ

**ӘСЕЛ ЕСЖАНОВА**, URBAN FORUM ALMATY (ҚАЗІРГІ URBAN FORUM KAZAKHSTAN) ИДЕЯСЫН ҰСЫНУШЫ ЖӘНЕ АВТОРЫ. УРБАНИЗМ МӘСЕЛЕСІ, ЖАН-ЖАҚТЫ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ БҰҒАН ҚАТЫСТЫ СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫНЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ

2015 жылы Алматыда Желтоқсан мен Бөгенбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан, бұрынғы Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ғимаратын бұзу туралы шешім қабылданды. Қала белсенділері тарихи орталықты құрылыс алаңына айнарудан қорғағысы келді: онлайн петицияға қол қойды, флешмоб жасады, митингілер өткізді, отырып ереуілдеді. Алайда жағдай немен аяқталғаны бәрімізге белгілі.

Тарихи орталықтағы көне ғимараттың орнында қазір сауда және кеңсе орталығы тұр. Қала құрылысына қатысты шешім Алматы тұрғындарының наразылығын тудырған жалғыз жағдай емес еді. Бұл кезең түбегейлі өзгеріс кезеңіне айналды. Қала тұрғындарының санасы өзгергенін, олардың мейлінше еркін ойлай бастағанын, көп нәрседен хабардар екенін көрсетті. Алматы тұрғындары қаланың жай-күйіне бей-жай қарамайтын болды.

Осы сәтті пайдаланып, қаламыздың тағдырына алаңдайтын азаматтардың басын қосып, оларға ой-пікірін айтуға мүмкіндік берсек қайтеді деген идея пайда болды. Арнайы алаңда кездесіп, кәсіби модерацияның көмегімен әркім өз ойын айта алатындай пікірталас алаңы болуы керек деп шештік. Алматы тұрғындары мен кәсіби сарапшылар қалада болып жатқан жағдайға ықпал ете алмайтын болса, наразылық одан сайын күшейіп, жағдай шиеленісе түсер еді.

Билік, бизнес және қоғам бір алаңда кездесіп, ұсыныс-пікірін ашық айтса, мәдениетті пікірталас алаңын қалыптастырсақ деген ұмтылысымыз бірден қолдау тауып кеткен жоқ. Сорос-Қазақстан қоры жағдайға жан-жақты қарауды ұсынған алғашқы ұйым болды. Бастапқыда біз мұның мәнін түсінген де жоқпыз. Сорос-Қазақстанның кеңсесіне барып: «Сәлеметсіздер ме! Менің аты-жөнім – Әсел Есжанова. Біз архитектура туралы сөйлескіміз келеді. Осы сала бойынша конференция ұйымдастырсақ дейміз», – дегенім есіме түссе, әлі күнге дейін күлкім келеді.

Сорос-Қазақстан қорының қолдауы арқасында жүйелі түрде жұмыс істей бастадық. Төменнен басталған бастамамыз біртіндеп жалпықазақстандық қозғалысқа айналды. Ал үш жылдан кейін атауымыз Urban Forum Kazakhstan болып өзгерді. Қозғалыс Алматымен шектелмей, Нұр-Сұлтан, Атырау, Шымкент, Өскемен қалаларында да жалғасты.

Жан-жақты зерттеген соң ғана, архитектура деген қаланың бір ғана бөлшегі екенін және оның қалалардың өмір



БІР РЕТ БАС ҚОСЫП ТАЛҚЫЛАСАҚ, МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІН ТАБАМЫЗ ДЕП ОЙЛАУЫМЫЗ АҒАЛДЫҚ ЕКЕН

сүруге қолайлы болмауының жалғыз себебі емес екенін түсіндік. Енді бізді тарихи мұра ғана емес, көлік, экология, инфрақұрылым және қала құрылысы сияқты мәселелер алаңдатады.

Қазір біз Қормен бірлесіп, әлеуметтік жобалар байқауын өткізіп тұрамыз. 2015–2018 жылдары бұл байқауда орталықтан шалғай жатқан аудандарды дамытуға бағытталған урбан жобалар сынға түсті. Былтыр Қазақстанның Алматыдан басқа қалалары да қатысты. Жеңімпаздар қатарында мектепті жобалауға қатысуды көздейтін өте қызық жоба бар. Есік қаласында тұратын архитекторлар тобы мектепті жобалау процесін қайта қарастыруды көздейтін жобаны атқаруда. Балалар, мұғалімдер және мектепке келетін басқа да адамдар концепцияны жасау кезінде өздерінің қажеттілігін айтып, не күтетінін жеткізе алды.

Нұр-Сұлтан қаласынан да тамаша бір жоба жеңімпаз болды. Архитектор Теміртас Ысқақов ұсынған Fading. TSE жобасы көрнекі орындар туралы сыр шертеді. Дәлірек айтқанда, тұрғындардың фотосуреттері мен естеліктерінен құралған қала тарихы деуге болады. Астананың келбеті қалай өзгеруде, тарихи ғимараттардың құндылығы қандай? Қаланың атауы бірнеше рет өзгерді, ал мұра сақталды ма?

Қазақстандағы урбанистік мәселеде Сорос-Қазақстан қоры шешуші рөл ойнады. Қор энтузиазммен қаруланған архитекторлар тобының бастамасына қолдау білдіру арқылы оларды тұрақты институтқа айналдырды.



# БАР НАЗАР – МИЛЛЕНИАЛДАРДА

**ДОСЫМ СӘТБАЕВ**, PhD, САЯСАТТАНУШЫ. ТҰТЫНУШЫ «ПЛЮРАЛИЗМІ» ЖӘНЕ «ӨЗГЕШЕ» ЖАҢА ҰРПАҚТЫ УЫСТАН ШЫҒАРЫП АЛМАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

**Х** 90-жылдары Сорос-Қазақстан қорының түрлі «жол жүру гранттарын» қолдағаны, соның ішінде жастарға белсенді қолдау көрсеткені есімде. Ол кезде Алматыдағы университеттердің бірінде аспирантурада оқитынмын, саяси ғылым бойынша ғылыми диссертациямды дайындап жатқам. Сәтін салып, Сорос-Қазақстан қорының көмегімен Польшаның Краков қаласына жолым түсті. Мамандығым бойынша маңызды семинар өткен еді. Жас ғалымға бұл сапардың бергені мол болды.

Кейінірек, 2005 жылы мені Сорос-Қазақстан қорының Қамқоршылар кеңесіне шақырды. Шақыруды қабыл алдым, өйткені Қазақстандағы азаматтық қоғам қалай жұмыс істейтінін білгім келді. Мен Қорға келген тұста ел ішінде азаматтық қоғамға қысым күшейіп тұрған, әсіресе басқа посткеңестік елдердегі (Украина, Грузия, Қырғызстан) биліктің ауысуынан кейін жағдай қиындай түскен. Дәл осы кезеңде биліктің қолдауымен тәуелсіз ҰЕҰ-ға қарсы көптеген GONGO



## МЕН ҮШІН ҚОР СЕРІКТЕСТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ГРАНТ СЕПАРАТИЗМІНІҢ БОЛМАУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮРЛІ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҰҚСАС ҚҰРЫЛЫМДАРМЕН СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫНАС НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛУЫ МАҢЫЗДЫ БОЛДЫ

пайда бола бастады. Соған қарамастан, Қор Қазақстанның «үшінші секторымен» белсенді жұмысын жалғастыра берді. Соның ішінде аймақтарда да түрлі бағыт бойынша елді өзгертікісі келетін азаматтар жұмыс істеп жатты. Сорос-Қазақстан қорының Қамқоршылар кеңесінде мен мультипликатив эффектіні белсенді қолдаушы болдым, яғни әрбір бөлінген грант қысқамерзімді нәтиже шеңберінде қарастырылуын емес, ҰЕҰ мен белсенділерге өздерінің әрі қарайғы қызметі мен өз бетінше әрекет етуіне негіз қалауға, соның ішінде Сорос-Қазақстан қорының грант бағдарламаларының өзге де қатысушыларымен ынтымақтасуға көмектескенін қаладым.

Қордың басқа грант берушілерден өзгешелігі – Сорос-Қазақстан қорының әуел бастан еліміздегі азаматтық қоғамның түрлі сегментін қамтуға тырысып, ауқымды жұмыс істеуінде. Қордың еліміздің «үшінші секторы» алдындағы беделі мен танымалдығы тұрғысынан алғанда, бұл стратегия өзін ақтады. Оған қоса, Қор танымал әрі белсенді үкіметтік емес ұйымдардан тұратын Қазақстанның азаматтық қоғамының іргетасын қалады деп айта аламыз. Мұның бәрі, әлбетте, Қордың қызметіне қызығушылықты арттырады.

Дегенмен жаһан, аймақ және ұлт деңгейіндегі әлеуметтік құрылымның өзгерістері Сорос-Қазақстан қорының да өз қызметіне өзгерістер енгізуін талап етеді. Бұл Қазақстандағы азаматтық қоғамның да өзгере бастауымен байланысты.

Сорос-Қазақстан қоры қазіргі таңдағы жұмысын біз Қазақстан қоғамынан байқап отырған түрлі трендті ескере отырып жүргізуі керек деп ойлаймын. Біріншіден, бұл – демографиялық өзгерістер мен тілдік кеңістіктің түрленуі. Бұл біртіндеп қазақ аудиториясына, соның ішінде жастарға назар аудару керектігін білдіреді. Екіншіден, әлемнің көптеген елінде либерал құндылықтар дағдарысы қатері пайда болды. Қазақстанда да мұндай құндылықты қолдайтындар саны 90-жылдардан

аз болуы мүмкін. Мұның себептерінің бірі – азаматтық қоғамы қуатты, адам құқықтары қорғалатын құқықтық мемлекетте тұруды қалайтын қазақстандықтардың көбі елден кетуді жөн көреді. Олардың бұл жерде қандай да бір өзгеріс енгізуге ынтасы жоқ. Менің ойымша, бұл – мейлінше маңызды мәселе. Себебі, миллениалдар – барынша космополит, әрекетке бейім, жаһандық деңгейде ойланатын адамдар. Олардың бір бөлігі әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірде өзгерістердің болғанын қалайды, бірақ неден бастарын білмейді. Жастардың екінші бөлігі либерализмді біршама шектеулі, тұтынушы «плюрализмі» аясында ғана қабылдайды, яғни қалаған музыканы тыңдау, кез келген фильмді көру немесе кез келген кітапты оқу мүмкіндігі ретінде ғана қарастырады. Кеңес Одағы және «қалай болмау керек екені» есінде сақталған біздің буынмен салыстырғанда, олар жаңа елде дүниеге келді: супермаркетте қалағаныңның бәрі бар, ал қызыққан дүниенің бәрін қазір-ақ YouTube желісінен көруге болады. Олар ерте ме, кеш пе, бәрі экономика мен саясатқа келіп тірелетіні туралы ойлана бермейді. Сол себепті Сорос-Қазақстан қорына басымдықтарды өзгертіп, саяси ликбез бен саяси білім жүйесіндегі олқылықтардың орнын толтыруға назар аудару қажет. Оның үстіне Қазақстанда бірдейліктің түрлі формасы арасындағы қақтығыс өршіп келеді. Кейбір ұлттық-патриоттық топтың пікірінше, ешқандай да қазақстандық бірдейлік жоқ, этникалық қағидаға негізделуі тиіс қазақ бірдейлігі ғана бар. Мұнда «титұлды ұлттың» басшылық етуіне басымдық беріледі. Түрлі діни ағымдар адам өзін әуелі ұстанатын дінімен, содан кейін ғана этникалық тобымен сәйкестендіруі тиіс деп есептейді. Әлі күнге дейін бірінші орынға рулық ерекшелікті қоятындар бар. Ал Қазақстан билігі бірдейлік азаматтық өзін-өзі сәйкестендірудің негізінде құрылуы тиіс, яғни ұлтына қарамастан адамдар өздерін Қазақстан азаматтары ретінде сәйкестендіруі керек деп есептейді. Ендігі жерде бұл тұжырымдардың арасындағы дау тек күшейе бермек.

# ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК РЕЖИМІ

**АЙГЕРІМ КУДЕРИНОВА**, ҚР БҒМ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ. СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ БІРГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚАНДАЙ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА БЕРГЕН ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ



Сабақты Инклюзивтік білім беруді дамыту жөніндегі облыстық ресурс орталығының үйлестірушісі жүргізуде, Көкшетау қаласындағы №19 ОМ, А.Жанғазина (2016 ж.)

КӨКШЕТАУДА ЖҰМЫС ІСТЕГЕН ИНКЛЮЗИВ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАСАЛҒАН

Бар мәселе нәтижеде. Қазақстандағы білім беру саласына қатысты Сорос-Қазақстан қоры талқылайтын, зерттейтін проблемалар әрқашан нақты ұсынысқа айналады. Егжей-тегжейлі сараптама жүргізіледі. Сосын білім беру органдарына толыққанды ақпарат беріледі. Осылайша жұмыс айқын практикалық бағытқа ие болады.

Әлбетте, мен Қазақстандағы инклюзив білім берудің дамуы туралы ғана айта аламын. Өйткені Қормен осы бағытта бірлесе жұмыс істедік. ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Сорос-Қазақстан қорының серіктестігі арқасында қазіргі таңда осы саладағы негізгі халықаралық тәсілдер мен стандарттарды есепке ала отырып, дұрыс бағытта келе жатырмыз деп ойлаймын. Қордың қолдауымен инклюзив білім беру бойынша үш Халықаралық жазғы мектепке қатысу (олардың екеуі Қырғызстан Республикасында, ал біреуі Литвада өтті) әріптестерімізбен Еуразия аймағының бес елінен келген мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйым өкілдері, сарапшылармен инклюзив білім беру саласы бойынша білім мен тәжірибе алмасуымызға тамаша мүмкіндік берді. Бұл кәсіби кездесулер менің көзқарасымды өзгертті. Қалай дамып жатқанымызды көрдік, бұл бағыттағы жұмысты дұрыс жүргізуіміз жөнінде білдік.

Қордың Жазғы мектептері күшті лекторлар құрамы, кәсіби тренер және ақпаратты сауатты жеткізе білумен есте қалады. Оған қоса, тәжірибе алмасу мен инклюзив ортада білім алатын балаларға арналған озық бағдарламаларды зерттеуге мүмкіндік береді. Осы кездесулерден кейін өзім, мәселен, Армениядағы инклюзив білім беру жүйесінің дамуын жіті бақылап отыратын болдым. Олар жасаған және қабылдаған нормативтік-құқықтық актілер таңғалдырмай қоймайды.

Біз үшін де бұл сапарлар нәтижесіз емес. Қазақстанда бірқатар нормативтік-құқықтық акті мен бұйрықтар қабылданып, қолданыстағы нормативтік құжаттарға халықаралық тәжірибеге сай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мысалы, Қазақстан педагог-ассистент ұғымын енгізді. Мектеп жұмысына біртіндеп тьюторлық, қолдау кабинеті, ерекше білім беру қажеттігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау сынды ұғымдарды енгізіп жатырмыз.

Сорос-Қазақстан қорымен бірлесе отырып, инклюзив білім беру бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындалды. Олар ерекше білім беру қажеттігі бар балалармен жұмыс істеуге арналған нұсқаулар мен әдістерді қамтиды. Бұл құрал барлық мектептің ұстаздарына арналған. Себебі, инклюзив білім беру ерекше білім беру қажеттігі бар балалардың әр сыныпта, әр мектепте оқи алатынын білдіреді.

Дегенмен алғаш инклюзия бағытындағы жұмысымызды бастағанда пікірталас аз болған жоқ. Түсінбеу, қарсылық та болды. Әсіресе қалыпты балалардың ата-анасы тарапынан қарсылық көп кездесті. «Неге бұл балалар біздің балаларымызбен бірге оқуы керек?» – дейтін. Ал арада бес жыл өткенде олардың бұл істі мақұлдайтынын көріп отырмыз. Ерекше білім беру қажеттігі бар балалар жалпы білім беретін мектепке келгенде басқа оқушылардың білім алуына кедергі келтірмейді. Олар қалыпты балаларды байытады. Ерекше балалармен бірге оқудың арқасында олар мейірімді бола түседі, әлсіздерге көмектеседі, толеранттығы артады.

Қазіргі таңда Қазақстандағы мектептердің 70%-ы және балабақшалардың 30%-ы инклюзив білім беруді қолға алған. Ерекше білім беру қажеттігі бар балалар мен олардың ата-анасының алдында таңдау бар. Балаға арнайы мектептің жүйесі ыңғайлы әрі түсініктірек болса, сол оқу түрін таңдай алады.

Сорос-Қазақстан қорының сөзі мен ісі ешқашан ҚР Білім және ғылым министрлігінің жалпы саясатына қайшы келмегенін айтқым келеді. Бұлар елдегі білім беру жүйесінің қандай бағытпен жүріп жатқанын көретін және қордаланған проблемаларды тиімді шешуде бір-біріне көмектесетін пікірлестер дер едім.

Қордың командасы бірінші болудан қорықпайды. Қор бастамасымен Қазақстанда Step By Step қозғалысы дамып, дебат қозғалысы қалыптаса бастады. Ұзақ жыл бойы Қор мұғалімдердің кәсіби дамуына араласты, мектептерді қолдауға бағытталған жобаларды іске асырды. Мұның бәрін кәсіби сауатты мамандар жүзеге асыратынын атап өткен жөн, олардың көбі – қазақстандықтар, олар осы елде тұрады және мәселені жақсы біледі. Қордың теңдессіз күші де осында деп ойлаймын.

ҚОРДЫҢ ЖАЗҒЫ  
МЕКТЕПТЕРІНДЕ ӘР  
ЕЛДІҢ ИНКЛЮЗИВ  
БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ЖЕТЕКШІ МАМАНДАРЫ  
ЖИНАЛАДЫ.  
ҚОРДАЛАНҒАН  
ПРОБЛЕМАЛАР  
МЕН ОЛАРДЫ  
ШЕШУ ЖОЛДАРЫ  
ТАЛҚЫЛАНАДЫ.  
НӘТИЖЕСІНДЕ  
ҚАЗАҚСТАНДА  
ЖАҢА, ЖЕТІЛГЕН  
НОРМАТИВТІК-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР  
ҚАБЫЛДАНЫП,  
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ  
ЗАҢНАМАҒА  
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
ЕНГІЗІЛІП ЖАТЫР.  
МҰНЫҢ БӘРІ БІЗДІҢ  
ЕЛІМІЗДІ ИНКЛЮЗИВ  
БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ  
КӨШБАСШЫҒА  
АЙНАЛДЫРДЫ



# ФАКТІЛЕР МЕН ЦИФРЛАР



Қордың барлық қызметкері, Қамқоршылар кеңесінің мүшелері, Сорос-Қазақстан қорының басқармасы – Қазақстан Республикасының азаматтары. Бұл көп жағдайда республика үшін өзекті мәселені күн тәртібіне шығаруға көмектеседі.

Сорос-Қазақстан қоры қызметкерлерінің ең жасы 25-те болса, ең үлкені – 72-де.



Қор қызметкерлері грант бойынша шешім шығармайды. Мұнымен сол саланың кәсіби мамандарынан тұратын сарапшылар комиссиясы айналысады. Сарапшылар өтінім бергендердің аты-жөнін білмейді, Probono арқылы жұмыс істейді.

Халықаралық OSF желісінің (60 ел) бір бөлігі бола тұра, Сорос-Қазақстан қоры, ең әуелі, қазақстандық ұйым.

Сорос-Қазақстан қорының кеңсесінде жиналыс өткізетін барлық бөлменің өз атауы бар. Ең үлкені «Джордж холл» деп аталады. Бірақ ол, көбі ойлайтындай, Джордж Соросың құрметіне емес, қордың алғашқы директоры Джордж Зарубиннің құрметіне қойылған.



Қазіргі таңда Сорос-Қазақстан қорының қызметкерлері 22 бала мен 4 немере өсіріп отыр.

Қор экотұтыну принципін ұстанады, қызметкерлер акустикалық этикетті сақтайды.



Сорос-Қазақстан қорының қызметкерлері төтенше жағдай кезінде алғашқы көмек бере алады және жарты жылда бір рет қауіпсіздік техникасы бойынша сабаққа қатысады.



